



САЙЛАУҒА – 1 КҮН ҚАЛДЫ

СПОРТ



ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ КАТАРҒА КӨЗ ТІГЕДІ

САЛТ-ДӘСТҮР



КІЛЕМ ІЛІНГЕН ҮЙДЕ БОЙЖЕТКЕН ҚЫЗ БАР

ТУРИЗМ



ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ҚАЙДА БАРУҒА БОЛАДЫ?

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

19.11.2022

Түнде:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+7+9 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

20.11.2022

Түнде:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №137 (6272) 19 қараша, сенбі, 2022 жыл.

САЙЛАУ – 2022

АЛМАТЫ 100% ДАЙЫН

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте
Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы
Жанна Асанова мәлім етті



Қалада 600 сайлау учаскесі құрылды, оның ішінде 69-ы азаматтардың уақытша тұратын орындарында,
531-і азаматтардың тұрақты тіркелген жерлерінде құрылды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕСІ



19-20 қарашада
Алматыда қалалық
ауылшаруашылығы
жәрмеңкесі өтеді.
Онда қаланың
азық-түлік
кәсіпорындары,
сондай-ақ Алматы
облысының жақын
мәңдегі
аудандарының
ауылшаруашылығы
тауарын
өндірушілері
өнімдерін ұсынады.

Сатып алушыларға ұсынылатын өнімдер ассортиментінде
50-ден астам атаулар (сүт, жеміс, көкөніс, шұжық өнімдері, ұн,
жарма, өсімдік және жануарлар майлары және т.б.) бар.

Өнімнің жалпы көлемі 100 тоннаны құрайды, оның ішінде:

* ет өнімдері – 20 тонна;

* жеміс-көкөніс өнімдері – 60 тонна;

* сүт өнімдері – 5 тонна;

* балық өнімдері – 1 тонна;

* басқа өнімдер – 14 тонна.

Жәрмеңке Шевченко көшесі бойымен Қонаев көшесінен
Пушкин көшесіне дейінгі («Ғылым ордасы» ББО Археология
мұражайына қарама-қарсы) аралықта сағат 08.00-ден 17.00-ге
дейін өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- «Үздік педагог-2022» республикалық байқауында 64 мұғалім жеңімпаз атанды.
- Алматыда құтқарушылар бейнеленген мурал пайда болды.
- 2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 135,8 мың отбасындағы 699,1 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.
- Автожолдарға қатысты мәліметті толық қамтитын мобильді қосымша пайда болады.
- Отбасы институтына қатысты өзекті материалдардың бірыңғай базасы құрылады.
- Қазақстан мен Ресей трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану мәселесін талқылап жатыр.
- Британ сараптама орталығында Қазақстандағы реформалар талқыланды.
- Балалар жылына арналған «Конаев CUP-2022» халықаралық шахмат турнирі басталды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Еуропалық Одақтың Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі – Еуропалық Комиссияның вице-президенті Жозеп Боррельмен кездесті.

«Қазақстан мен Еуроодақ арасындағы жоғары деңгейдегі байланыстарды қолдаймыз. Біз ынтымақтастығымыздың көптеген мәселесі бойынша өзара түсіністікке қол жеткіздік деп ойлаймын», – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Жозеп Боррель Қасым-Жомарт Тоқаевқа құрмет көрсете отырып қабылдағаны үшін алғыс айтып, Астана мен Брюссель арасындағы өзара қарым-қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

«Еуроодақ пен Қазақстан – жақсы серіктестер. Біз өзара сенім мен құрмет көрсете отырып, ортақ сын-қатерлер туралы айтамыз. Сіздер Қазақстанды ашық, инклюзивті және демократиялық ел ету үшін өзгерістер жасауға бағытталған реформалар үдерісін бастадыңыздар. Менің сапарым осы өте маңызды кезеңмен тұспа-тұс келіп отыр», – деді Еуропалық Одақтың Жоғарғы өкілі.

■ СЕНАТ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев еліміздегі кезектен тыс Президент сайлауын бақылау үшін Қазақстанға келген ТүркПА байқаушыларымен кездесті.

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Палата Төрағасы сайлауды Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы саладағы халықаралық стандарттарға толық сәйкес өткізу үшін барлық қажетті шара қабылданғанын атап өтті. Алдағы сайлаудың маңыздылығына назар аударып, саяси жүйені одан әрі дамыту, билікті монополиялауға жол беретін тәуекелдерді жою және демократияның негізгі қағидаттарын нығайту бағытында жүргізіліп жатқан реформаларға тоқталды. Өз кезегінде делегация басшысы Эрол Кая ТүркПА байқаушылар миссиясының қызметі сайлау науқанын объективті бағалауға бағытталғанын айтты. Сондай-ақ, ол Президенттің кезектен тыс сайлауы ел заңнамасына және жалпыға бірдей танылған халықаралық стандарттарға сәйкес өтуіне тілектестігін білдірді.

Қазақстандағы Президент сайлауын бақылау үшін 35 шет мемлекеттен 10 халықаралық ұйым және 641 байқаушы аккредиттелген. Байқаушылардың миссияларына жәрдемдесу үшін Сыртқы істер министрлігінде арнайы штаб құрылды.

■ ҮКІМЕТ

Қазақстанда ірі теміржол жобасының құрылысы басталды. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында Достық – Мойынты теміржол учаскесінде екінші жолдың құрылысы басталды.

Жұмысты іске қосу рәсіміне телекөпір режимінде ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов қатысты. Ұзындығы 836 шақырым жаңа теміржол желісін іске қосу отандық өнімнің экспортын ұлғайтуға және елдің транзиттік әлеуетінің өсуіне ықпал етпек. Құрылыс барысында 419 құрылыс нысаны (5 ірі көпір, 87 шағын және орта масштабтағы көпір, 288 су жүргізу құбыры, 14 автожол өткелі), сондай-ақ энергетика және байланыс объектілерін салу жоспарланып отыр. Құрылыс 2025 жылдың 4-тоқсанында аяқталуы тиіс.

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов қатысты.

■ ДЕЛЕГАЦИЯ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді Орталық Азия мемлекеттері және Еуропалық Одақтың сыртқы істер ведомстволары басшыларының 18-ші кездесуіне қатысты.

ЕО делегациясын Еурокомиссияның вице-президенті және ЕО Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі Ж.Боррелл мырза басқарды.

Кездесу барысында тараптар өзекті өңіраралық және жаһандық мәселелерді, соның ішінде қауіпсіздіктің жалпы сын-қатерлерін Ауғанстандағы жағдайды қоса алғанда, экономикалық, сауда және инвестициялық ынтымақтастықты, қоршаған ортаны қорғау, су пайдалану және климат, сондай-ақ білім, ғылым және инновация салаларындағы өзара іс-қимылды талқылады.

Қазақстандық делегация басшысы М.Тілеуберді Қазақстанның ғылымның, технологиялар мен инновациялардың негізгі рөліне назар аударатынын, жан-жақты ынтымақтастықты арттыруға және еуропалық әріптестермен өзара байланысты жақсартуға дайындығын атап өтті. Ол еуропалық тарапқа жаңа өңіраралық өзара іс-қимыл бағдарламаларын бастау туралы ұсыныс жасады. Қазақстанның бастамасын Орталық Азияның барлық мемлекеттерінің өкілдері толық қолдады. 2023 жылғы мамырда Астана қаласында Екінші ОА-ЕО экономикалық форумын өткізу жоспарланып отыр.

■ САЙЛАУ-2022

Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс Президент сайлауында Қазақстанның үш қаласында дауыс беру уақыты өзгертілгенін хабарлады.

Бұл туралы хабарлаған ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров аталған қалалардың аумақтық комиссиялары дауыс беруді бастау үшін басқа уақыт белгілеу туралы шешім қабылдағанын айтты. Яғни ертең, 20 қарашаға белгіленген Президент сайлауында Астана, Алматы, Шымкент қалаларының аумақтық сайлау комиссияларының жедел ақпарат ұсынуына сәйкес, тиісті аумақтық сайлау комиссияларының шешімімен 86 сайлау учаскесінде дауыс беру сағат 6.00-де басталады. Жалпы, саяси науқанға қатысу үшін елімізде 10 101 учаске әзірленді, оның ішінде 53 елде 68 сайлау учаскесі құрылды. Қазақстандықтар жергілікті уақыт бойынша сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін дауыс бере алады. Сайлау учаскелері бір сағат бұрын ашылады. Дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін бірден жүзеге асырылады. Оны санау ұзақтығы 12 сағаттан аспауы тиіс. Дауыстарды санау аяқталғаннан кейін бірден хаттама жасалады. Алматы қаласы бойынша «1315» бірыңғай нөмірі бар Call-орталық іске қосылды, ол арқылы әрбір тұрғын сайлау учаскесінің мекенжайы мен нөмірін тексере алады. Барлық ұялы байланыс операторларының абоненттері үшін қоңырау шалу тегін. Call-орталықтың жұмыс уақыты – демалыс күндерін қоса алғанда, күн сайын сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін. Алматы қаласы әкімдігінің «Орел Almaty» қоғамдық қабылдауының сайтында және білім басқармасының мемлекеттік қызметтер порталында сайлаушылар тізімінде өзін тексеруге мүмкіндік беретін сервис енді қолжетімді. Осыған ұқсас қызмет Telegram Bot (@almaty_sailau2022_bot) арқылы да іске қосылды. Айта кетейік, сайлау учаскесіне жеке куәлікті алып бару қажет. Сондай-ақ, eGov, Kaspi қосымшасындағы цифрлық жеке куәлікті көрсетуге болады.

■ БРИФИНГ

АЛМАТЫ 100% ДАЙЫН



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Бүгінде Алматыда 1 миллион 176 мың сайлаушы бар. АСК төрайымының айтуынша, олар толықтай дайын, әрбір сайлаушының келуіне әзір. Сайлаудың тәртібі мен заңдылығының сақталуына сайлау учаскесінің төрағасы жауапты болады.

«Дауыс беру күні сайлау учаскесінде комиссия, байқаушылар, сенім білдірілген адамдар және БАҚ өкілдері болады. Әрқайсында аккредиттеу нормасы бар. Сайлаушылар дауыс беру үшін қанша уақыт қажет болса, сонша уақыт сайлау учаскесі ғимаратында болады», – деді Ж.Асанова.

ӨКҚ спикері алматылықтар алдағы кезектен тыс Президент сайлауында қалада тіркеуі бар-жоғына қарамастан дауыс бере алатынын еске салды. Сайлау күні әр ауданда арнайы учаскелік сайлау комиссиялары жұмыс іс-

тейді, онда дауыс беру үшін бір күнге тіркелуге болады. Келесі күні, яғни 21 қарашада жүйе сайлау учаскесінің мекенжайы бойынша тіркелген азаматтарды есептен шығарады.

Бұл ретте сайлаушылар дауыс беру күні сайлау учаскелерінде қызмет көрсетудің 2 түрі болатынын ұмытпаған жөн.

«Біріншісі – сайлау учаскесі бойынша тіркеуде тұрған, бірақ өзін тізімнен таппаған сайлаушыларға арналған. Бізде тізімдер дауыс беруге 20 күн қалғанда шығарылады, 30 қазанда қағаз түрінде түсіріліп, сайлау учаскелеріне тапсырылды. Тізімдер учаскелерге берілгеннен кейін өзгерістер болуы мүмкін, адам тіркеуін өзгертуі мүмкін, басқа аймақтан осында тіркелу үшін көшуі мүмкін, ол 18 жасқа толуы мүмкін немесе тегі мен аты өзгеруі мүмкін. Бұл жағдайда сіз осы сайлаушының тізімде бар-жоғын және оның дауыс беруі үшін оны тізімге енгізу туралы комиссияның шешімін тексеруге мүмкіндік

беретін қызметті пайдалана аласыз», – деді Ж.Асанова.

Екіншіден, сайлау күні 55 сайлау учаскесі жұмыс істейді, оларға Алматыда тіркеуі болмаған жағдайда дауыс беруге болады. ҚР басқа өңірлерінде тіркелген азаматтар дауыс бере алмайды. Басқа өңірлердің азаматтары есептен шығу куәлігін алу керек.

Журналистердің сұрақтарына жауап берген Жанна Асанова сайлау учаскелерінің барлық мүшелері болуы мүмкін стандартты емес жағдайларға дайын болуы керектігін айтты. Егер сайлаушы сайлау учаскесіне итімен кіргісі келсе, онда үй жануарларын серуендету ережелерін есте сақтау қажет.

Дауыс беру 20 қараша күні 20.00-де аяқталады, одан кейін дауыс санау басталады. Дауыс беру қорытындысы хаттамасы толтырылып, ол жоғары тұратын комиссияға беріледі. Сайлауда 43 халықаралық байқаушы бақылайды.

■ НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ
Шаһарда құтқарушыларға арналған мурал пайда болдыГүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Бұл мурал «Айнабұлақ» ықшамауданындағы 9 қабатты үйдің қасбетіне салынған.

«Құтқарушылар әрқашан алдыңғы қатарда. Қауіпті сәтте өз өмірлерін қатерге тігеді. Сондықтан да ел құрметіне бөленген мандық. Қабырғада кішкентай қызды жалыннан алып шыққан өрт сөндіруші – құтқарушы бей-

неленген. Айта кету керек, ұқсас бейнелер, мүсіндер Төтенше жағдайларды жоюға да олардың алдын алуға да қатысқан барлық құтқарушының ұжымдық бейнесі», – дейді ТЖД баспасөз қызметі.

Төтенше жағдай болған кезде хабарласуға «112» нөмірі де бейнеленген. Тақырыптық мурал халық арасында өрт-профилактикалық жұмыс аясында Жетісу ауданы әкімі аппаратының қолдауымен және аудандық Төтенше жағдайлар басқармасымен бірлесіп салынған. Бүгінгі күні Төтенше жағдайлар департаментінде Өрт сөндіруші-құтқарушылар мен жүргізушілердің 230-дан астам бос орны бар. Сондықтан жастарды азаматтық қорғау органдарына қызметкерлер қатарына тарту мәселесі өзекті болып отыр.



ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА МҰРА

Алматыда ALA жазуы үлгісіндегі бақ пайда болды

Алып шаһарда қаланың халықаралық коды – ALA әріптері үлгісіндегі бақ отырғызылып жатыр. Әріптер формасындағы бақ әуе кемесі қонуға дайындалғанда борттағыларға көрінетіндей етіп отырғызылған.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кеше қоғам белсенділері Алматы әкімдігімен бірлесіп, ALA бағына ағаш отырғызу жұмыстарын аяқтады. Оған қала әкімі Ерболат Досаев қатысты.

Жоба авторы, продюсер Дәуіт Шайхисламовтың айтуынша, аталмыш бақ Алатау ауданында, нақтырақ айтқанда, Момышұлы көшесінің шығысы мен Мөңке би көшесінің солтүстігінде, ЖЭО-2 аумағының жасыл, санитарлық-қорғау аймағында (СҚА) орналасқан. Онда 3 гектардан аса алқапқа 2,5 мың биіктігі екі метрлік арша отырғызылған.

Жоба авторы ALA жазуы ғарыштан көрініп, болашақта Гиннестің рекордтар кітабына енуі мүмкін екенін айтады.

«Дүниежүзілік тарихта қалуға тырысамыз. Бірегей бақтың ағаштармен жазылған «ең үлкен сөз» ретінде Гиннестің рекордтар кітабына кіруге толық мүмкіндігі бар», – дейді ол.

Идея туған жерін, елін сүйетін кез келген азамат үшін таптырмас үлгі екені сөзсіз. Өйткені, жерге шаншылған әрбір тал күтімі жақсы болса, күні ертең жапырағы жайқалған үлкен баққа айналады. Бұл біріншіден, экологиялық ахуалды жақсартып, қоңыржай климат қалыптастыруға әсер етсе, екіншіден, Алматының жасыл



қала мәртебесін арттыруға септігін тигізеді.

«Ағаштар – болашақ ұрпаққа мұра. Олар ондаған жылдар бойы өсіп, жасыл желекті қалыптастырып, ең маңызды адами құндылықтарды бейнелейді. Осы белгі арқылы біз сүйікті қаламызға деген сүйіспеншілігімізді білдіре аламыз», – дейді Дәуіт Шайхисламов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ағаш отырғызуға демеушілер қолұшын созған. Бақтың күтіміне Алатау ауданының әкімдігі мен Алматы қаласы экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасының мамандары жауапты.

Жалпы, Алматыда 136 саябақ бар. Бүгінде олардың санын көбейту және абаттандыру бойынша көптеген жұмыстар қолға алынуда.



БРИФИНГ

«ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ СӘТТІ БАСТАЛДЫ»

Тиісті мекеме өкілдері осылай дейді

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматының жылу маусымына қатысты брифинг өтіп, оған «Алматытеплокоммунэнерго» ЖШС бас инженерінің орынбасары Павел Леденцов, «Алматы электр станциялары» АҚ бас инженері Ғазиз Исмухамбетов, «Алматы жылу желілері» ЖШС бас инженері Данияр Қазымбетов қатысты.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Тиісті мекеме өкілдерінің айтуынша, жылу беру маусымы биыл сәтті басталды. Бүгінде ол штаттық режимде, кестеге сәйкес жұмыс істеп тұр.

Еске салайық, мегаполисте жылыту маусымы 17 қазанда басталған болатын. Коммуналдық мекемелер 8467 көпқабатты тұрғын үйді, 216 мектепті, 197 балабақшаны, 129 аурухананы тексеріп,

жылыту маусымы басталмас бұрын алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізді.

«Қала тұрғындары «Алматы жылу желілері» ЖШС-не 1,3 млрд теңге қарыз. Бұл әлбетте, қаланың коммуналдық қызметі мен жеткізушілерге төлейтін қаржыға әсер етеді. Берешегі барлардың қатарында жеке, заңды тұлғалармен қатар, бюджеттік мекемелер де бар. Дейтұрғанмен, қазір мегаполисте жылыту маусымы қалыпты жағдайда өтуде. Температуралық және

гидравликалық режимдер кестеге сәйкес сақталуда», – деді Д.Қазымбетов.

Коммуналдық қызмет мәліметі бойынша, 2022-2023 жылдардағы жылу беру кезеңінде 1352,33 шақырым жылу желілері алдын ала дайындалды. Оның 60%-ы (811,5 шақырым) 25 жылдан астам уақыт пайдаланылғандықтан тозығы жеткен. Биылғы жылы 4,7 шақырым жылу желілері қайта жаңғыртылды. Жылу желілерін реконструкциялау есебінен, олардың тозуын 0,3%-ға дейін төмендетуге қол жеткізілді. 2023 жылы 17,2 шақырым жылу желілерін реконструкциялау жоспарланып отыр.

Айта кету керек, жылыту маусымы басталғалы «АлТС» ЖШС жоғары дайындық режиміне көшкен. Жөндеу жұмыстарына тәулік бойы жұмыс істейтін 4 жедел бригада (98 адам), 12 жөндеу бригадасы (139 адам) жұмылдырылған. 64 арнайы техника осы іске тартылған.

«Алматы электр станциялары» АҚ («АлЭС» АҚ) бас инженері Ғазиз Исмухамбетовтің айтуынша, жылыту маусымына байланысты жұмыстарда ешқандай ауытқуларға жол берілмейді.

Брифинг барысында сауал қойған БАҚ өкілдеріне «АлЭС» АҚ-ның өкілі «Біздің отын қорымыз жеткілікті. Газ бойынша ешқандай мәселе жоқ. Газдан тапшылық болмайды. Жылу маусымына толық дайынбыз», – деп жауап берді.

ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖОЛДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!

Қар жауған күннен бастап мегаполисте көктайғақтың алдын алу мақсатында тазалық жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Қалада өткен күндері 8–10 см қар жауды. Тау бөктеріне жауған қардың биіктігі – 16 см-ге дейін болса, таулы аудандарда оның биіктігі 21 см-ге жеткен. Сала мамандарының айтуынша, коммуналдық қызметтердің күшімен қаланың жоғарғы бөлігінен 105 м³ қар шығарылған. Тротуарларды, қоғамдық көлік аялдамаларын, жерүсті және жерасты өткелдерін тазартуға түнгі уақытта 414 техника (оның ішінде 126 құмшашқыш) мен 379 жол жұмысшысы шықты. Ал таңертең қала көшелеріне 452 техника мен 1280 жол жұмысшысы жұмылдырылды.

Қазір күн айтарлықтай суыды. Байқасаңыздар, таңертең және кешкі мезгілдерде көшелерге жұқа болса да мұз қата бастады. «Қазгидромет» РМҚ-ның 19–21 қарашаға арналған ауа райы болжамына сүйенсек, республиканың басым бөлігінде жел күшейіп, тұман түседі. Солтүстікте, солтүстік-батыста, шығыста және орталықта бұрқасын болуы ықтимал. Осыған орай, ведомствоның хабарламасында «алдағы күндері республиканың шығысында қалың қар жауады. Оңтүстік-шығыста жауын-шашын болады. Ауа температурасы түнде солтүстік-батыста және солтүстікте 15–23 градус, шығыста 12–20 градус аязға дейін төмендеуі күтіледі» делінген.

Демек, мамандар алдағы күндері қардың түсуіне және ауа температурасының төмендеуіне, тұманға, жолдар мен тротуарлардағы ауа ылғалдылығының жоғарылауына байланысты көктайғақ, мұз пайда болуы мүмкін. Осыған орай, Алматы қаласы коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы қала тұрғындарына үндеу жасап, жаяу жүргіншілердің тротуарларда жүргенде абай болуын, қатты шұғыл шаруалары болмаса мүмкіндігінше үйден шықпауды сұрап отыр. Ал жүргізушілерді апаттар қаупінің жоғарылауына байланысты жылдамдықты төмендетуге, автомобильдер арасындағы қашықтықты арттыруға және маневр жасаудан аулақ болуға шақыруда.

Естеріңізге сала кетейік, бүгінде аудан әкімдіктерінде қар тазалау жұмыстарының жүргізілуін бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған. Жолда абай болайық!

Әзірлеген
Құралай ЖҰМАДІЛОВА.



САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

әрбір адамға қолжетімді болуға тиіс



Халық денсаулығын сақтау – өте күрделі және көп шығынды қажет ететін процесс. Бұл процесте міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің атқарар рөлі зор. Алматыда МӘМС жүйесін іске асыру қалай жүріп жатыр? Қандай өзгерістер, қандай қиындықтар бар? Осы және өзге де сауалдарымызға Медициналық сақтандыру қорының Алматы филиалы директоры Тілеухан ӘБІЛДАЕВ жауап берді.



– Бүгінде медицинаны қай жағынан алып қарасак та, МӘМС тақырыбын айналып өту мүмкін емес. Жүйе енгізілгені бері медициналық көмектің қолжетімділігі артты ма?

– Елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілгеніне үш жылға жуықтады. Сондықтан денсаулық сақтау саласында соңғы бірнеше жылда болған жетістіктер МӘМС жүйесімен тығыз байланысты.

Медицинаның үш жыл бұрынғы бюджетімен қазіргі бюджет арасындағы айырма жер мен көктей. Мысалы, 2022 жылы алматылықтарға көрсетілетін медициналық көмекке 259,7 млрд теңге қарастырылған. Оның 142,7 млрд теңгесі – мемлекет тарапынан бөлінетін кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакетіне, 117 млрд теңгесі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне тиесілі. Яғни алдыңғы жылдарды айтпағанда, бір ғана биылғы жылы қаланың денсаулық сақтау саласының бюджеті қосымша 117 млрд теңгемем толығып отыр. Оның ішінде біз бен сіздің салалық мамандардан алған консультацияларымыз, әдетте бағасы 20 мыңнан кем тұрмайтын компьютерлік томография, магнитті-резонанстық томография, реабилитация қызметі, түрлі қымбат операциялар мен анализдер, экстракорпоральдық ұрықтандыру, жүкті әйелдер мен 18 жасқа дейінгі балаларға көрсетілетін жоспарлы стоматологиялық көмек сынды тағы да басқа қызметтер бар. Мысалы, өткен 9 айдың қорытындысы бойынша Алматы тұрғындарына МӘМС пакеті шеңберінде көрсетілген осындай қызметтерге 90,1 млрд теңге төленді. Бір қарағанда, бұл жай ғана цифр болып көрінуі мүмкін. Шын мәнінде сақтандырылған азаматтар қалтасынан шығатын шығынды қысқартып, осындай қызметтерді пайдаланды.

– Ал сақтандырылмаған және жарна төлеуге мүмкіндігі жоқтар ше? Олар не істейді?

– Шын мәнінде, бұл бір ғана өңір деңгейінде емес, республика деңгейінде шешуді қажет ететін үлкен әлеуметтік мәселе.

Адам болған соң бас ауырып, балтыр сыздамай тұрмайды. Сондықтан азаматтарды міндетті медициналық сақтандыру жүйесімен қамту мәселесінің маңызы өте зор. Сақтандырудың Қазақстанда 2020 жылы енгізілді. Соған қарамастан бүгінгі күні еліміз бойынша 3,2 миллионға жуық адам жүйеден тыс қалып отыр. Оның 432 мыңы – Алматы тұрғындары.

Соның ішінде 296 мыңнан астамы 18 бен 45 жас аралығындағы еңбекке жарамды азаматтар. Оларды қала

«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:

- Қала бойынша онкологиялық ісікті анықтау мақсатында жасалатын 3112 ПЭТ-диагностика қызметі көрсетілген. Оған 835,8 млн теңге төленді.
- Өткен 9 айда Алматы қаласында 77,1 мың компьютерлік томография (КТ) жасалған. Оған Қор тарапынан 1,2 млрд теңге бөлінді.
- 62,8 мың магниттік-резонанстық томография (МРТ) қызметі үшін 937,3 млн теңге төленді.
- Жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын буын, бүйрек, жүрек алмастыру сынды тағы да басқа күрделі операцияларға Қор тарапынан 14,2 млрд теңгеден астам қаржы төленді, тағы 3,7 млрд теңге күндізгі стационар қызметіне жұмсалды.
- Биыл ЭКО бағдарламаларына 3,2 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылған. Өткен 9 айда 2266 ЭКО жасалып, оған 2,3 млрд теңге төленді.

экономикасына тарту қажет. Олар еш жерде жұмыс істемейді, яғни әлеуметтік жағынан қорғалмаған деген сөз.

Дәл осы санатпен жұмыс істеу қажет. Жұмысқа орналастырып, қайта оқу курстарымен қамтып дегендей. Мысалы, бізде әртүрлі мемлекеттік еңбекпен қамту бағдарламалары бар, соларға тарту қажет жастарды.

Сақтандырылмағандар тізімінде 29 жасқа толмаған 111 мыңнан астам адам бар екен. Оларды да жастарға арналған еңбекпен қамту бағдарламаларына тартса жақсы болар еді.

Біреу «екі қолға бір күрек» таппаған соң жұмыссыз жүреді, біреу денсаулығына байланысты жұмыс істей алмайды. Жұмысқа жарамайтын, бірақ мүгедектік ала алмай жүргендер бар. Оларды Еңбекпен қамту орталықтары арқылы ресми тіркеуге қойса, олар үшін жарнаны мемлекет аударар еді.

– Ал егер олар өзін-өзі сақтандырығысы келсе не істеуі керек? Жарнаны қайда, қандай мөлшерде төлейді?

– Қазір МӘМС жүйесінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды сақтандыру тәртібі өзгерді. Жаңа механизм 5 қыркүйектен бастап толыққанды іске қосылды. Бұдан былай аталған санаттағы тұрғындар алдағы 12 айға жарна төлеп бір жылға сақтандыру статусын алу мүмкіндігіне ие болды. Яғни ай сайын 3000 теңге аударып, медициналық қызметтерді пайдалануға мүмкіндік ауға болады. Мәселен, пациент МӘМС пакетіндегі қызметтерді пайдалану үшін өткен жылдың берешегін өтемей, 2022 жылдың қараша айынан бастап 2023 жылдың қазанына дейін жарна

аудар алады. Бұрынғы тәртіп бойынша сақтандыру статусын алу үшін өткен 12 айдың қарызын өтеу қажет болатын.

Ең алдымен, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет. Себебі, сақтандырудың артықшылықтарын түсінгеннен кейін жарна төлеуден қашқан адамды көргеніміз жоқ. Мысалы, жақында біздің филиалға бір әйел келді. Дәрігерлер оған «Стенокардия» деген диагноз қойған. Жүрекке жасалатын отаның құны 567 мың теңге тұрады. Бірақ 12 айға 36 мың теңге жарна төлегеннен кейін операцияны МӘМС арқылы жасатуға болады. Сақтандырудың тиімділігі осында.

– Ендеше, бұл денсаулық сақтау саласына ғана емес, пациенттер үшін де тиімді жүйе дейсіз ғой...

– Дұрыс айтасыз. Қарапайым ғана мысал. Өткен 9 айда Алматы қаласында 77,1 мың компьютерлік томография (КТ) жасалған. Оған Қор тарапынан 1,2 млрд теңге бөлінді. Ал 62,8 мың магниттік-резонанстық томография (МРТ) қызметі үшін 937,3 млн теңге төленді. Сонымен қатар, қала бойынша онкологиялық ісікті анықтау мақсатында жасалатын 3112 ПЭТ-диагностика қызметі көрсетілген. Оған 835,8 млн теңге төленді. Осыдан 3-ақ жыл бұрын мұндай бағасы қымбат тұратын қызметтерді халықтың белгілі бір санаттары ғана тегін пайдалана алатын.

Сондай-ақ, бізде жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын буын, бүйрек, жүрек алмастыру сынды тағы да басқа күрделі операциялар бар. Алматы қаласы бойынша жасалған осындай операцияларға Қор тарапынан 14,2 млрд теңгеден астам қаржы төленді, тағы

3,7 млрд теңге күндізгі стационар қызметіне жұмсалды.

Бүгінде реабилитация, яғни пациент денсаулығын қалпына келтіруге бағаттылған оңалту қызметі де МӘМС арқылы қаржыландырылады. Өткен 9 айда оған 5,5 млрд теңге жұмсалды. Сөз орайы келгенде МӘМС-тің медициналық реабилитацияға бөлінетін қаржы көлемін ұлғайтып, оның қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік бергенін де атап өткім келеді. Салыстырар болсақ, 2019 жылы оңалту қызметіне бар-жоғы 0,6 млрд теңге жұмсалған болатын. Ал 2022 жылы оған 7,5 млрд теңге қарастырылып отыр. Өсім 13 есе.

Соңғы жылдары экстракорпоральды ұрықтандыру қызметінің де жұртшылық үшін маңызы жоғары болып отырғаны рас. Бағасын көптің қалтасы көтере бермейтін ЭКО процедурасы 2020 жылдан бастап МӘМС пакетіне еніп, қарапайым жұртшылық үшін қолжетімді бола бастады. 2022 жылы ЭКО бағдарламаларына 3,2 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылған. Бұған Алматы қаласы бойынша барлығы 3152 ЭКО жасалуы тиіс. Өткен 9 айда 2266 ЭКО жасалып, оған 2,3 млрд теңге төленді. Биыл оңтүстік астана бойынша аталған бағдарламаға 8 клиника қатысып жатыр.

– Сақтандыру пакетіне тіс дәрігерінің қызметі кіре ме?

– 2020 жылдан бастап халықтың жекелеген санаттары үшін жоспарлы стоматологиялық көмек те қолжетімді бола бастады. Мысалы, 9 айда МӘМС шеңберінде 965 мыңнан астам стоматологиялық қызмет көрсетілген, оған 2,4 млрд теңге төленді. Қазіргі таңда Алматыда МӘМС шеңберіндегі стоматологиялық көмекті 46 клиника көрсетеді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы жүкті әйелдер мен 18 жасқа дейінгі балаларға стоматологиялық көмек тегін көрсетіледі. Олардың арасында тісті жансыздандыру, химиялық пломба салу, терапевтін қабылдауы, пульпит пен периодонтитті емдеу, флюороз, гипоплазия кезінде тістің анатомиялық пішінін толық қалпына келтіру, тісті хирургиялық жолмен жұлуды т.б. қызметтер кіреді. Ал шұғыл стоматологиялық көмек халықтың әлеуметтік жағынан аз қорғалған санаттарына ғана көрсетіледі.

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛШЕВА.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

БІЛІКТІЛІК ПЕН ІСКЕРЛІК

Адал еңбек барлық жетістіктің бастауы

«Еңбегің егіз болса, байлығың сегіз болады» деген халық мақалын ұранға алып, қос жұмысты қатар алған азаматтарымыздың бірі – Абзал Қасенов. Ол бір күн студенттер жатақханасында вахтер болса, қалған екі күні электрик болып қызмет етеді. Яғни аптасына жеті күн жұмыс істейді. Сондай-ақ, біздің кейіпкер студенттер арасында «ақын аға» ретінде танылған. Себебі, ол қайда жүрсе де, ойға келген шумақтарды іште ұстамай, айналасындағы адамдарға айтып жүреді. Ал жасампаз жастар вахтер ағаның мұндай өнерін байқап, онымен тіпті айтысып та алады екен. Қазақ үйлерінің шаңырағында шам жағып, студенттердің ықыласына бөленіп жүрген еңбек адамымен біз де жолықтық. Оның жұмыс жолы туралы сұрап, қос мамандықтың қызығы мен шыжығынан сыр шерттік.



Суреттерді түсірген АВТОР.



Досбол
АТАЖАН

«Әй, жерге көмбендер!...»

«Есеней» деген жаңа фильм көрсетіледі деп Тайынтының тұрғындары түгел жиналды. Ауылдың кішкентай кинотеатры лық толып, ақсақалдар орындарға жайғасты да, жастар жағы, әсіресе, ойын балалары жоғары жақта түрегеп тұрды. Жарық өшкен соң пленканың дауысы естіліп, кино басталды. Көрермен қауым жаңа туындының қызығына енді кіре бергенде, залда қайта жарық қосылды.

Сөйтсе, жоғарыда тұрған балалардың бірі электронды патронға байқаусызда қол салып, токқа түсіпті. Қолы ұстаған теміріне жабысып қалған баланың үні шықпаса да, ыңырсығанын үлкендердің бірі естіп, жарық жаққан. Шапшаң қимылмен жас жігіттердің бірі оны киімінің етегінен тартып токтан ажыратып алды. Есін білмей құлап түскен баланы үлкендердің айтуымен 11-сыныптың жігіттері жетектеп алады да, емханаға қарай жөнеледі. Сонда мектеп бітіргелі тұрған түлектердің бірі «біз емханаға жеткенше, мерт боп кетпесін. Токқа түскенде жерге көму керек дегенді естігенмін. Сөйтсек қайтеді?» деді. Қалғандары жүрісін тоқтатпаған күйі, «көму-көмбеу» мәселесін күбірлеп талқылап кетті.

Осы сәтте әлгі баланың да есі кіріп, бұл

әңгімені естіген екен, «Әй, жерге көмбендер! Емханаға апарыңдар» деп жанайқайын салады. Иә, біз айтып отырған бала осы біздің Абзал ағамыз. «Кейін электрик болғанымда, бір-біріне шатырлатып талай өшімді алдым», – дейді ол. Осы оқиға бала санасында өз әсерін қалдырса керек, ол мектептен кейін өмірлік мамандығы ретінде ток саласын таңдайды.

«Шешем мені көтерген жеті айлығымда толғағы басталыпты. Ауылдан Ащыбұлақ деген кентке апарса, мұндағы дәрігерлер көмектесе алмапты. Сондықтан олар қалаға хабарласып, арнайы маман алдырады. Сол кісі анам екеуімізді аман алып қалыпты. Көрер жарығымыз бар екен. Содан Манатта бір жыл тұрып, кейін көрші Тайынтыға көштік. Балалық шағым сонда өтті. Ал мектеп бітірген соң Өскемендегі «ГПТУ»-ге (қалалық кәсіптік-техникалық училище) оқуға түстім. Электрик мамандығын алдым», – деп еске алады.

Одан кейін екі жыл әскери міндетін өтеген ол ауылға келіп, электрик болады. Онымен қоймай, кейде қойшы болып та кәсіп қылады. Дегенмен, бұл қамсыз күндерді Кеңес Одағының «күйреуі» күрт өзгертті.

– Үкімет құлаған соң барлығы жабыла бастады. Адамдар қалаға ұмтылып, ауылдың тұрмысы төмендеді. Біз Өскеменге барайын десек, онда 6 зауыттың бәрі тоқтаған. Неде болса, Алматыға көшуге бел будық, – дейді ол. Осылайша 1997 жылдан бері Абзал аға отбасымен Алматыда тұрып келеді.

Вахтер ағай

Алып шаһарға келген алғашқы күннен біздің кейіпкер еңбек етуге кіріскен. Бастапқы кезде жұмыс талғамай, әр жерде қолдан келгенін істейді. Алатаудың баурайында біраз орныққан соң, өзінің мамандығымен кәсіп қылып, жеке фирмаларда, алматылық метрода электрик болады. Ал бүгінде жаңа үйлердің шамын жағып, тоғын жүргізетін жеке дара маманға айналған. Сонымен қатар, бұл жұмысына кедергі келтірмейтін екінші қызметке кіріп, екі жылдан бері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жатақханасында вахтер ретінде жұмыс істеп келеді.

Өзге күні тоқты тұсауға салатын ағамыз өз кезегімен күзетшілікке түскен кезде студенттермен тілдескен ұнайтынын айтады. Сондай-ақ, түнделетіп кешіккенде «ағай-апайлап» тұратын студенттердің еркелігіне кешіріммен қарайтынын да жасырмады.

– Адамдармен тілдесіп, ой бөліскен өзіме ұнайды. Қазір көздерінде жалыны бар студенттермен сөйлесем, көңілім көтеріліп қалады. Маған керек жұмысты таптым деп ойлаймын. Ал олардың кешіккендеріне келсек, қашан да адамгершілікке салып, түсінуге тырысамын. Ешкім еріккеннен кеш қалмайды. Біразының жұмысы бар. Кейде алдын ала ескертіп те қояды. Менің де үйде балаларым бар. Оларды біреу далада қалдырса қиын ғой. Сондықтан адамгершілікке салып қарау керек деп ойлаймын, – дейді ол. Студенттер де Абзал ағаның мұндай кеңпейіл көңілін байқап, өздері де оған бауыр басқан. Бүгінде бар жастар ол кісіге үлкен құрметпен қарайды. Тіпті, оны жұмыс бабымен басқа ғимаратқа ауыстырмақ болғанда да, өздері өтініш айтып, жатақхана қабырғасында алып қалған.

«Ақын екенсің ғой...»

Қос жұмысты қатар алған Абзал аға тағы бір ерекше қасиетке ие. Ол ішкі жаныммен ақын адам. Көпшілікке «ақынмын» деп кеуде соқпағанымен, қайда жүрсе де ойына өлең оралатын дарыны бар. Мұндай қасиет оған қанмен келсе керек. Атасы Қасен суырыпсалма айтыскер, ал әкесі Қуандық сықақ өлең жазатын ақын болған. Кейіпкеріміздің айтуынша, Әзілхан Нұршайықов Шығыс Қазақстанға барған бір сапарында ол кісінің әкесімен танысып, оның өлеңдерін оқыған соң, Алматыға шақырған екен. Алайда, қара шаңырақ иесі болған Қуандық ауылдан шыға алмапты. Десе де, бала Абзал бойда бар қасиетті басында білмеген. Тіпті, оның тілінің өзі кешеуілдеп, бес жасында бір-ақ шыққан.

– Бұрындары таппақ айтып жүргеніммен, өлең шығармайтынмын. 1984 жылы әскерден ағам келіп, аттан құлап, қайтыс болды. Сонда бірінші рет өлең шығардым. Ағамның жетісін беріп жатқан күні мен қой кезегіне кеттім. Ішімде шер. Содан түсте тамақ алуға үйге келіп, жасыл қарандаш пен бір блокнот алып кеттім. Әлгі ойымның бәрін қағазға түсірдім. Оны ертеңіне әкеме көрсетіп едім, «балам, ақын екенсің ғой» деп, басымнан сипады.

Осы оқиғадан кейін Абзал аға поэзиядан алыстаған емес. Сым жалғап электрик болса да, жатақхана тыныштығын күзетіп вахтер ретінде отырса да, кез келген сәтте ойға оралған өлеңді жазуға кіріседі. Қазіргі уақытта ағамыздың «Бақыт деген не?», «Жалған-ай» және өткен жылы ғана «Ғұмырдария» атты жыр жинақтары кітап болып басылған.

ТҮЙІН:

«Жігітке жеті өнер де аз» деген нақылға нағыз үлгі болатын біздің кейіпкеріміз бүгінгі күні жары Бақытгүлмен бірге Сырым, Махамбет, Исатай, Нұртай, Дәулет атты бес ұл және ең кенжесі Шұғыла атты қыз тәрбиелеп отыр. Қазіргі уақытта үлкен балаларынан немере сүйіп те үлгерген. Адамдар арзан, оңай жолға ұмтылатын заманда, екі жұмысын егіз ұстап, отбасы мен өз шығармашылығына да уақыт тапқан бүгінгі кейіпкеріміздің еңбек жолы Қазақстан жастарына үлгі болады деп үміттенеміз.

КӨРМЕ



Ұлттық нақыш ұлықталды



Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының есеп беру көрмесі өтті.

Аталмыш көрмеде суретшілер әртүрлі жанрда композициялық креативті ой-тұжырымдарын мейлінше айқындап, қазіргі заманның өзекті мәселелерін баяндап, заманауи қазақ кәсіби өнерінің жаңа қырынан танытты.

«Көрмеде 150-ге жуық кескіндеме, графика, мүсін, қолданбалы өнері бойынша – gobelen, керамика, киіз, кесте өнерінен шығармашылық туындылар орын алады. Экспозицияда туындылар түпнұсқада да, сондай-ақ онлайн форматта да көрсетілді. Көрменің ерекшелігі Қазақстанның әрбір өңірінен қатысқан суретшілер өз белсенділіктерін танытып, осы есептік көрмеде аға буыннан бастап, ізбасар жас суретшілер өмірлік тәжірибесін, ішкі әлемін, өзіндік тұлғалық мәнерін, креативті тұжырымын, өзгеше потенциалдарын ортаға салып, мағыналы да, мәнді туындыларын ұсынды», – дейді көрме жетекшісі Гүлнар Қуандықызы.

Суретшілер қазақ бейнелеу өнері қай заман болса да, ұлттық қасиеттің болмысын, ондағы дүниетанымдық дәстүрлі көзқарасты сабақтастыра, әлемдік өнер аренасында жаңашыл ұлттық тілде жете танылуын мақсат етеді. Қоршаған ортаның тепе-теңдік үйлесімділігі, аңыз бен көне тіршілік тылсымы, бүгінгі қала мен дала өмір тынысы, оның атмосферасы сияқты тақырыптық композиция бойынша өздерінің ойларын бүкпесіз кенеп бетінде бейнелеп, мүсінде сомдап көрсетті.

Суретшілердің шығармашылық туындылары ұлттық тарихты, мәдениетті, салт-дәстүрді дәріптейтін және бүгінгі таңдағы әлеуметтік тақырыпта сыр шертетін туындылары ой-сананы сан тарапқа жетелейді. Сондай-ақ, экспозициядағы әрбір шығармашылық туындылардың композициялық және колориттік шешімдері, ондағы динамикалық үндестік пен өзара тұтастық уақыт пен кеңістік болмысын дәріптейді.

Заман ағымына қарай суретші нені болса да жаңа көзқараспен бастайды. Сондықтан суретшілер өз заманының куәгері ретінде ой-түйсіктерін көрермендеріне дер кезінде жеткізуге ұмтылады.

Әзірлеген
Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.





FIFA WORLD CUP Qatar 2022


Ертеңнен бастап төрткүл дүние Катарға көз тігеді. Өйткені, Әлем чемпионаты басталмақ. Футболдан. «Спорттың бәрі – бір төбе, футболым бір төбе» дейтін жанкүйерлер «жарғақ құлағы жастыққа тимей», әрқайсысы өз командасы үшін тақым қысып отыр. Жалпы, бұл мундиаль несімен ерекше? Қандай айрықшалығы бар? Қай команда чемпион болып, қайсысы жабырқатуы мүмкін?

КАТАР ҚАНДАЙ ЕЛ?

Катар – Парсы шығанағының Катар түбегіндегі шағын ғана мемлекет. Жер көлемі бар болғаны – 11 400 шаршы шақырым. Салыстырғанды жақсы көреміз ғой, Қазақстанда облыстар емес, аудандардың аумағы бұдан үлкен болып жатады. Оңтүстігінде Сауд Арабиясымен шектессе, қалған аумағын Парсы шығанағы жауып жатыр. 3 миллионға жуық халқы бар абсолютті монархиялы мемлекет.

Ежелде Араб халифатының отарында болған. Одан кейін Бахрейн әмірлері басқарды. Португалияға, Осман империясына, тіпті британиялықтарға да тәуелді болды. 1971 жылдан бері ғана толығымен азат елген айналды. Бүгінде Катар 8 әкімшілік аймаққа бөлінген. Соның бесеуінде Әлем чемпионатының ойындары өтеді.

Стадиондарының ең үлкені – Ұлттық арена. Құрылысы 2017 жылы басталыпты. 80 мың көрермен сыйдыра алатын аталмыш аренада финалмен бірге 10 ойын өтеді деп жоспарланған. Алайда, Әлем чемпионатынан кейін орындықтарының саны 20 мыңға дейін қысқартылмақ. Жалпы, мундиальді қабылдайтын 8 стадион да бір-біріне ұқсамайтын ерекше. Әрқайсысының өз дизайны бар және жанкүйерлерге барлық жағдай жасалған. Футбол көріп отырғанда қатты ыстық болмас үшін салқындату жүйесі орнатылған. Сыртта аптап ыстық болса да, аренаның ішінде әрда-



йым +21°C көрсетіп тұрады. Әр орындықтың астында вентиляциялық құрылғы бар. Әлбетте, аяққа еш ыңғайсыздық тудырмайды. Орныңызға жайғасқанда аяғыңызды, құлды бір, салқындатылған бұлттың арасына салып қойғандай әсерде боласыз. Айтпақшы, Ұлттық стадион салынған Лусаил қаласының да іргетасы XXI ғасырда қаланған. Нақты айтсақ, 2007 жылы. Бар-жоғы 13 жылда жарты миллион адамға жоспарланған алып шаһарға айналды.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ФАВОРИТІ КІМ?

Келесі мундиальдан бастап командалар саны 48-ге көбейеді. Ал биыл Әлем чемпионатында 32 команда. Еуропадан 13, Азиядан

6, Африкадан 5 және Оңтүстік Америка мен Солтүстік Америкадан құрамадан. Турнир қожайындары ретінде автоматты түрде жолдама алған Катар Әлем чемпионатына тұңғыш рет қатыспақ. Бразилия бірде-бір мундиальдан қалмаған. Германия жиырмасыншы рет қатыспақ. Одан кейінгі орында 18 рет қатысқан Италия келеді. Биыл оларға Аргентина жетіп алады. Ал Франция, Испания және Англия құрамалары өздерінің 16-шы чемпионаттарында доп тепсек.

Әлбетте, фавориттердің көшін әдеттегідей Бразилия бастап тұр. Алайда, Selecao жігіттер соңғы рет осыдан 20 жыл бұрын топ жарыпты. Қорғанысы мен шабуылы да «сен тұр, мен ата-йын» деген жігіттерден Бразилия 2018 жылы Ресейде ширек фи-



налда сүрінген болатын. Мамандар фаворит деп айдар таққан тағы бір команда – Аргентина. Тіпті, әртүрлі болжам құралдары да биылғы чемпион деп Albiceleste жігіттерін айтып жүр. Аргентина бірінші кезекте Лионель Месси бастаған шабуылшыларына сенеді.

Дегенмен, алғы шепте кез келген қамалды бұзып өтетін бұл команданың қорғанысы соншалықты мықты емес. Ал Еуропа елдерінен бірінші кезекте Франция мен Португалияны айтып өтуге болады. Дидье Дешам сынды бас бапкері бар, Килиан Мбаппе, Кәрім Бензема, Осман Дембеле сынды ойыншылары бар Франция биыл да жеңіс тұғырына көтерілуді көздейді. Ал Португалияның сенері – Криштиану Роналду. Иә, клубтық дең-

гейде шау тарта бастаған шығар, бірақ ұлттық құрама дегенде Криштианудың ойыны ерекше.

Рас, басқа командалар да таңқалдыруы мүмкін. Испания, Германия, Англия, Уругвай сынды құрамалар да мықтылармен жасқалған. Тіпті, 2018 жылғыдай биылғы чемпионаттың да көпшілікті таңқалдырып, финалға дейін шабар өз Хорватиясы шығуы мүмкін.

Жалпы, биылғы Әлем чемпионаты әдеттегідей жазда емес, қыста өтуі де мундиальға өзіндік шарм беріп тұр. Иә, клубтық командалар үшін ыңғайсыз, бірақ футболшылар мен жанкүйерлер үшін өте қолайлы уақыт. Өйткені, ойыншылар чемпионатқа шаршаңқы емес, нағыз бабында келді. Ал бұл бір ай бойы тамаша футбол ойындарын көреміз деген сөз.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТТАРЫ

Жыл	Чемпионат қожайыны	Финал	3-орын үшін
1930	Уругвай	Уругвай – Аргентина 4:2	АҚШ – Югославия*
1934	Италия	Италия – Чехословакия 2:1	Германия – Аустрия 3:2
1938	Франция	Италия – Венгрия 4:2	Бразилия – Швеция 4:2
1950	Бразилия	Уругвай – Бразилия 2:1**	Швеция – Испания 3:1**
1954	Швейцария	ФРГ – Венгрия 3:2	Аустрия – Уругвай 3:1
1958	Швеция	Бразилия – Швеция 5:2	Франция – ФРГ 6:3
1962	Чили	Бразилия – Чехословакия 3:1	Чили – Югославия 1:0
1966	Англия	Англия – ФРГ 4:2	Португалия – КСРО 2:1
1970	Мексика	Бразилия – Италия 4:1	ФРГ – Уругвай 1:0
1974	ФРГ	ФРГ – Нидерланд 2:1	Польша – Бразилия 1:0
1978	Аргентина	Аргентина – Нидерланд 3:1	Бразилия – Италия 2:1
1982	Испания	Италия – ФРГ 3:1	Польша – Франция 3:2
1986	Мексика	Аргентина – ФРГ 3:2	Франция – Бельгия 4:2
1990	Италия	ФРГ – Аргентина 1:0	Италия – Англия 2:1
1994	АҚШ	Бразилия – Италия 0:0, 3:2-пен	Швеция – Болгария 4:0
1998	Франция	Франция – Бразилия 3:0	Хорватия – Нидерланд 2:1
2002	Жапония мен Оңтүстік Корея	Бразилия – Германия 2:0	Түркия – Оңтүстік Корея 3:2
2006	Германия	Италия – Франция 1:1, 5:3-пен	Германия – Португалия 3:1
2010	ОАР	Испания – Нидерланд 1:0	Германия – Уругвай 3:2
2014	Бразилия	Германия – Аргентина 1:0	Нидерланд – Бразилия 3:0
2018	Ресей	Франция – Хорватия 4:2	Бельгия – Англия 2:0

*Ескерту: 1930 жылы 3-орын ойын өткен жоқ. Топтық кезеңдегі көрсеткіштері жақсы болғандықтан ұйымдастырушылар қола жүлдені АҚШ-қа табыстады.

**1950 жылы финал және 3-орын үшін ойындар өткен жоқ. Үздік төрт команда арасында топтық кезең ұйымдастырылып, көп ұпай жинаған Уругвай чемпион атанды. Дегенмен, топтық кезеңде Уругвай мен Бразилия арасындағы матч иешуші болғандықтан тарихшылар сол ойынды финал деп санайды.





КАТАРҒА КӨЗ ТІГЕДІ

20.11.2022		
АШЫЛУ СААТАНАТЫ 20:45 – 21:15 QAZAQSTAN # QAZSPORT #		
20.11.2022	23.11.2022	25.11.2022
ҚАТАР 22:00 QAZSPORT #	МАРОККО 16:00 QAZSPORT #	УЗБЕКСИСТАН 16:00 QAZSPORT #
ЭКВАДОР 22:00 QAZSPORT #	ХОРВАТИЯ 16:00 QAZSPORT #	ИРАН 16:00 QAZSPORT #
21.11.2022	24.11.2022	26.11.2022
АНГЛИЯ 19:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	ГЕРМАНИЯ 19:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	ҚАТАР 19:00 QAZSPORT #
ИРАН 19:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	ЖАПОНИЯ 19:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	СЕНЕГАЛ 19:00 QAZSPORT #
СЕНЕГАЛ 22:00 QAZSPORT #	ИСПАНИЯ 22:00 QAZSPORT #	НИДЕРЛАНД 22:00 QAZSPORT #
НИДЕРЛАНД 22:00 QAZSPORT #	КОСТА-РИКА 22:00 QAZSPORT #	ЭКВАДОР 22:00 QAZSPORT #
АҚШ 01:00 QAZSPORT #	БЕЛЬГИЯ 01:00 QAZSPORT #	АНГЛИЯ 01:00 QAZSPORT #
УЗБЕКСИСТАН 01:00 QAZSPORT #	КАНАДА 01:00 QAZSPORT #	АҚШ 01:00 QAZSPORT #
22.11.2022	24.11.2022	26.11.2022
АРГЕНТИНА 16:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	ШВЕЙЦАРИЯ 16:00 QAZSPORT #	ТУНИС 16:00 QAZSPORT #
САУД АРАБИЯСЫ 16:00 QAZSPORT #	КАМЕРУН 16:00 QAZSPORT #	АУСТРАЛИЯ 16:00 QAZSPORT #
ДАНИЯ 19:00 QAZSPORT #	УРУГВАЙ 19:00 QAZSPORT #	ПОЛЬША 19:00 QAZSPORT #
ТУНИС 19:00 QAZSPORT #	ОҒУСТІК КОРЕЯ 19:00 QAZSPORT #	САУД АРАБИЯСЫ 19:00 QAZSPORT #
МЕКСИКА 22:00 QAZSPORT #	ПОРТУГАЛИЯ 22:00 QAZSPORT #	ФРАНЦИЯ 22:00 QAZSPORT #
ПОЛЬША 22:00 QAZSPORT #	ГАНА 22:00 QAZSPORT #	ДАНИЯ 22:00 QAZSPORT #
АУСТРАЛИЯ 01:00 QAZSPORT #	БРАЗИЛИЯ 01:00 QAZSPORT #	АРГЕНТИНА 01:00 QAZSPORT #
СЕРБИЯ 01:00 QAZSPORT #	МЕКСИКА 01:00 QAZSPORT #	МЕКСИКА 01:00 QAZSPORT #

27.11.2022		
27.11.2022	29.11.2022	01.12.2022
ЖАПОНИЯ 16:00 QAZSPORT #	НИДЕРЛАНД 21:00 QAZSPORT #	ХОРВАТИЯ 21:00 QAZSPORT #
КОСТА-РИКА 16:00 QAZSPORT #	ҚАТАР 21:00 QAZSPORT #	БЕЛЬГИЯ 21:00 QAZSPORT #
БЕЛЬГИЯ 19:00 QAZSPORT #	ЭКВАДОР 21:00 QAZSPORT #	КАНАДА 21:00 QAZSPORT #
МАРОККО 19:00 QAZSPORT #	СЕНЕГАЛ 21:00 QAZSPORT #	МАРОККО 21:00 QAZSPORT #
ХОРВАТИЯ 22:00 QAZSPORT #	УЗБЕКСИСТАН 01:00 QAZSPORT #	ЖАПОНИЯ 01:00 QAZSPORT #
КАНАДА 22:00 QAZSPORT #	АНГЛИЯ 01:00 QAZSPORT #	ИСПАНИЯ 01:00 QAZSPORT #
ИСПАНИЯ 01:00 QAZSPORT #	АҚШ 01:00 QAZSPORT #	КОСТА-РИКА 01:00 QAZSPORT #
ГЕРМАНИЯ 01:00 QAZSPORT #	АҚШ 01:00 QAZSPORT #	ГЕРМАНИЯ 01:00 QAZSPORT #
28.11.2022	30.11.2022	02.12.2022
КАМЕРУН 16:00 QAZSPORT #	ТУНИС 21:00 QAZSPORT #	ГАНА 21:00 QAZSPORT #
СЕРБИЯ 16:00 QAZSPORT #	ФРАНЦИЯ 21:00 QAZSPORT #	УРУГВАЙ 21:00 QAZSPORT #
ОҒУСТІК КОРЕЯ 19:00 QAZSPORT #	АУСТРАЛИЯ 21:00 QAZSPORT #	ОҒУСТІК КОРЕЯ 21:00 QAZSPORT #
ГАНА 19:00 QAZSPORT #	ДАНИЯ 21:00 QAZSPORT #	ПОРТУГАЛИЯ 21:00 QAZSPORT #
БРАЗИЛИЯ 22:00 QAZSPORT #	ПОЛЬША 01:00 QAZSPORT #	СЕРБИЯ 01:00 QAZSPORT #
ШВЕЙЦАРИЯ 22:00 QAZSPORT #	АРГЕНТИНА 01:00 QAZSPORT #	ШВЕЙЦАРИЯ 01:00 QAZSPORT #
ПОРТУГАЛИЯ 01:00 QAZSPORT #	САУД АРАБИЯСЫ 01:00 QAZSPORT #	КАМЕРУН 01:00 QAZSPORT #
УРУГВАЙ 01:00 QAZSPORT #	МЕКСИКА 01:00 QAZSPORT #	БРАЗИЛИЯ 01:00 QAZSPORT #

03.12.2022		
1/8 ФИНАЛ 21:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	ФУТБОЛДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ - 2022	
1/8 ФИНАЛ 01:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #		
04.12.2022	09.12.2022	13.12.2022
1/8 ФИНАЛ 21:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	1/4 ФИНАЛ 21:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	1/2 ФИНАЛ 01:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #
1/8 ФИНАЛ 01:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	1/4 ФИНАЛ 01:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	ФИНАЛ 21:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #
05.12.2022	10.12.2022	14.12.2022
1/8 ФИНАЛ 21:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	1/4 ФИНАЛ 21:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	1/2 ФИНАЛ 01:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #
1/8 ФИНАЛ 01:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	1/4 ФИНАЛ 01:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #	
06.12.2022		17.12.2022
1/8 ФИНАЛ 21:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #		ҮШІНШІ ОРЫН 21:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #
1/8 ФИНАЛ 01:00 QAZAQSTAN # QAZSPORT #		



ОН ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Ертеңгі Әлем чемпионатының қарсаңында назарларыңызға осы мундиаль жайлы ең қызық 10 деректі ұсынамыз.

ЕҢ АЛАСА БОЙЛЫ ФУТБОЛШЫ

Әлем чемпионатына тіркелген ойыншылардың ішінде бойы ең аласа футболшы – марокколық Илияс Шаир. Шотландияның «Куинз Парк Рейнджерс» командасында доп тебетін жартылай қорғаушының бойы бар болғаны – 158 см. Салыстырмалы түрде айтайық, ең бойшаң ойыншы – Нидерланд құрамасының қақпашысы Андриис Нопперт. Бойы – 203 см.

«ОТАНЫН САТҚАНДАР»

Әлем чемпионатына барлығы 831 футболшы тіркелген. Әр командада 26 ойыншыдан. Тек Иран ғана 25 футболшы апарыпты. Ал солардың ішінде 137-сі өзі туған елдің емес, басқа құраманың намысын қорғайды. Мәселен, қорғаушы Пеппе Бразилияда дүниеге келгенімен, Португалияның намысын жыртып жүр. Ал ағылшын Рахим Стерлингтің туған жері – Ямайка. Мұндай футболшылар Мароккода көп. Аталмыш құраманың 14 ойыншысы өзге елде туған.

ӘЙЕЛ ТӨРЕШІЛЕР

Катардағы Әлем чемпионатында тұңғыш рет әйел төрешілер қызмет етеді. Бас қазы ретінде мундиальға франциялық Стефани Фраппар, руандалық Салима Мукасанга және жапониялық Есими Ямасита шақырту алды.

АНГЛИЯ – ЕҢ ҚЫМБАТ ҚҰРАМА

Әлем чемпионатындағы ең қымбат футболшы – Киллиан Мбаппе. Transfermarkt дерегі бойынша, оның бағасы – 160 млн евро. Ал ең қымбат құрама – Англия. Футболшыларының жалпы бағасы 1,260 млрд евро. Екінші орында – Франция (953,5 млн евро), үшінші орында – Бразилия (899,5 млн евро), одан кейін Испания (798, млн евро), Германия (728,5 млн евро), Нидерланд (658,5 млн евро) деп кете береді. Ең арзан құрама – Катар. Турнир қожайындарының жалпы бағасы – 14,9 млн евро.

ЕҢ ЖАС ЖӘНЕ ЕҢ ЕГДЕ ОЙЫНШЫ

«Боруссия Д» командасының шабуылшысы Юссуф Мукоконың жасы бар болғаны 17-де. Дегенмен, ертең көмелеттік жасқа толады. Ал ең егде ойыншы – мексикалық қақпашы Альфредо Талавер. Оның жасы – 40-та. Салыстырмалы түрде айтайық, Әлем чемпионатындағы ең жас бас бапкер – Лионель Скалони. Аргентина құрамасын баптайтын маман Талаверден бар болғаны 4 жасқа үлкен. Ал ең егде бас бапкер – Луи Ван Галь. Нидерланды құрамасының жаттықтырушысы 71-ге толды. Айтпақшы, футболшыларының жалпы орта жасы 24,7 жасты құрайтын Гана құрамасы осы мундиальдің ең жас командасы. Ал ең егде команда – Иран. Футболшыларының орташа жасы – 28,9.

«БАВАРИЯ» БӘРІНЕН ОЗДЫ

Әлем чемпионатына ең көп ойыншы қосқан клуб – «Бавария». 17 ойыншысы Катарға аттанды. «Манчестер сити» мен «Барселонада» 16 ойыншыдан. Одан кейінгі орында 14 ойыншымен Мадридтің «Реалы» тұр. Сондай-ақ, үздік клубтар қатарында 13 ойыншымен «Манчестер юнайтед» те бар.

СТАДИОНДАР БІР-БІРІНЕ ӨТЕ ЖАҚЫН

Катар – шағын ғана мемлекет. Ойындар 5 қаланың 8 стадионында өтеді. Ареналар арасындағы максималды қашықтық небәрі 56 шақырым. Бір стадионнан екіншісіне жету үшін жанкүйерлер максимум бір сағат жұмсайды.

БАР БОЛҒЫР VAR

Әлем чемпионатында VAR жүйесі тіптен күшейтіледі. Офсайдтарды қадағалау үшін ФИФА жаңа бейне құралын ұсынды. Стадион шатырына қосымша 12 камера орнатылады. Ол футболшылардың позицияларын нақты есептеуге көмектесіп, төрешілерге тез шешім қабылдауға себеп болады. Сонымен қатар, допқа да электронды жабдық орнатылады.

АЛКОГОЛЬ ӘЛДЕ АЙЫҚТЫРҒЫШ

Араб елдерінде алкоголь және қоғамдық орындарда мас күйінде жүруге тыйым салады. Занды бұзған адам алты айға бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Егер стадионға мас күйінде кірмек болсаңыз, алдымен аренаның жанында салынған арнайы айықтырғыштарға жібереді. Содан кейін ғана ойынды тамашалай аласыз. Алайда, фанаттарға арналған аймақтарда алкоголь ішуге тыйым жоқ.

БИЛЕТ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Әлем чемпионатының билеттері 2022 жылдың басында-ақ сатылымға шыққан. Шетелдік жанкүйерлер үшін матч билеттері жергілікті тұрғындарға қарағанда бірнеше есе қымбат сатылып жатыр. Сонымен, топтық кезең ойындарының билеттері – 250–800 Катар риалы (69–220 АҚШ доллары) тұрады. Ал финалдық билеттер 220–5850 Катар риалы (604–1,6 мың доллар) аралығында.



САЛТ-ДӘСТҮР

КІЛЕМ ІЛІНГЕН ҮЙДЕ БОЙЖЕТКЕН ҚЫЗ БАР

Бауырлас түрік елінде тұрмысқа шығуға даяр бойжеткен қызы бар отбасы қызына күйеу жігітті қалай таңдайтынын білесіз бе? Ал қазақ халқы ше, қызы оң жақта отырып қалмау үшін қалай әрекет жасайды? Түбі бір бауырлас елдерде сақталған ескі дәстүр туралы не білеміз?



Айнұр
СЕНБАЕВА

Осы күзде жол түсіп, Түркияның Алания қаласына сапарлап қайттым. Анталия әуежайына түскеннен кейін гид гүтіп алып, Аланияға қарай жол тарттық. Екі жарым сағаттық жер екен. Автобустың терезесінен табиғатты, қалаларды тамашалап отырған қатты ұнайды. Гид өте өжет, пысық, сауатты жігіт екен. Аланияның арғы-бергі тарихы жайлы әңгіме айтып, сұрақтарға жауап беріп отырды. Қыркүйек айы болғасын, ол жақта жемістің түр-түрі төгіліп тұрғанын көрудің өзі керемет. Тек ыстық жақта өсетін апельсин, анар, банан, құрма жемістерін көріп балаша мээ болдым. Ыстық демекші, ауа райы өте ылғалды, ыстық болғандықтан болса керек, ол жақтағы үйлердің балконы өте үлкен екен. Бөлмелерінен гөрі ашық терасалары, балкондары кең секілді көрінді. Түрлі формада салынған үйлерге жол бойы қарап отырғанда кейбір үйлердің балконында кілемнің ілініп тұрғанын көзім шалды.

Гид менің ойымды оқып қойғандай, «Байқадыңыздар ма, кейбір үйлердің сыртында кілем ілінген» деді. Бұл ненің белгісі деген сұраулы көзбен қарағанымыз сол еді, әлі жігіт бірден көңілді кейіппен жауап берді.

«Егер түріктердің үйінің қоршауында немесе балконында кілем ілініп тұрса, ол үйде тұрмысқа шығуға әзір бойжеткен қыз бар деген сөз. Егер екі кілем ілініп тұрса, демек ол қызға тез арада тұрмыс құру керек» деп рахаттанып күліп алды. Көңілді жігіттің айтуынша, Түркияда үйлену оңай емес, өйткені қыздың қалыңмалы өте көп, жігіт жақтың қыздың отбасына беретін сыйлары да аз емес екен. Сондықтан жігіттер үйленер алдында жұмыс істеп, әжептәуір қор жинау керек.

Қалыңдықты ата-ана таңдағаны дұрыс па?

Үйдегі үлкен әжеміз үнемі үйдегі ер балаларға: «Қызбен танысқанда ең алдымен руын сұрандар, қарындасың болып қалмасың» деп ескертіп отыратын. Кейбір мұсылман елдерінің өзінде бір емшекті ембесе болды деп, ағайынды адамдардың ұлы мен қызын үйлендіре береді. Ал біздің халқымыз қан тазалығын бірінші орынға қойған. Жеті атаға толмай қыз алыспау – қазақ даналығының дәлелі.

Өкінішке қарай, қазір қоғамда ажырасу, қыздардың оң жақта отырып балалы болуы секілді келеңсіз жағдайлар өте жиілеп кетті. Өзінің тегін білмейтін ұрпақ өсіп келеді. Мұндайда қан тазалығы туралы қандай әңгіме болуы мүмкін. Бұл біздің ежелден келе жатқан салт-дәстүрімізден, даналығымыздан ажырап бара жатқанымыздан болса керек.

Бүгінде жастар көбінесе көшеде, қалада, әлеуметтік желіде, кез келген жерде танысып, табысып, шаңырақ көтеріп жатыр. Бұрынғыдай ата-анасының тандап берген қызын алып жатқан жігіттер ілуде біреу.



Бірде Қазақстанда жұмыс істеуге келген қырғыз жігітімен сапарлас болдым. Ол Алматыда жұмыс істеп, нәпақа тауып ауылына қайтып барады екен. Үйіне жеткен соң үйленіп, әке-шешесіне келін түсіру үшін бара жатқанын айтты. Бірақ бір қызығы, қалыңдығымен енді танысамын дейді. Сөйтсем, жалғыз ұлдарына ата-анасы келіншекті таңдап қойыпты. Кітаптан оқығанымыз болмаса, мұндай жағдайды көрмеген соң таңқалып, «Егер қызың ұнамай қалса қайтесің?» деп сұрадым. «Ең бастысы, ата-анама ұнаса болды емес пе? Олар маған жаман жар таңдамайды. Егер қыз жақсы болмаса, әке-шешем өздерінен көрсін» деп жымиды. Расында, жігіттің айтып отырған сөзінің жаны бар. Ата-ана өз ұрпағын дүниеге әкелетін жанды таңдағанда қателеспеуге тырысатыны шындық. Өйткені, олар өмір көрген, адам таниды. Кезінде біздің ата-бабала-

рымыз да келінді ұлдарына өздері тандап, айттырған жоқ па еді. Содан кейін де болар, ажырасу аз болды. Ал қазір сүйіп-күйіп қосылған жастар ыстық-суығы басылған соң, ажырасып кетеді.

Дәстүр – тәлім-тәрбие қайнары

Ер баланы тәрбиелеп отырған отбасы ұлын аяқтандыру үшін айналасынан өздеріне лайықты қыз қарастырып, текті отбасының қыздарын айттыруға тырысады. Халқымыздың әдет-ғұрпы бойынша ілгеріде жігіт әкесі тарапынан қыз таңдау, қыз көру аяқталғаннан кейін, айттырылатын қызға құда түсуге кіріседі. Алдымен қыздың әкесіне жаушы ретінде кісі жіберіледі. Жаушының негізгі міндеті – қыздың басы бос болса, әкесі қарсы болмаса, құдалыққа қай уақытта келетіндігі туралы келісіп қайту. Айттыруды «үкі тағу» ғұрпы деп те атайды. Бұрынғы кезде де, қазір де құда түсуді, қыздың басы байланғанын білдіретін «үкі тағу» ғұрпы атқарады.

Қазақ даласында қыз бен жігіттің бірін-бірі ұнатып, шаңырақ көтерген жағдайлары да көп. Қыз бен жігіт бір-бірін ұнатып, өздері үйленуге шешім қабылдаған соң, жігіттің ата-анасы қыздың үйіне құда түседі. Бұл дәстүр ислам дінінде де, сондай-ақ қазақ халқының ғұрпында да көрініс тапқан.

Тарихта қыздың ата-анасы немесе жақындары қыздарын жар етіп алуға жігітке қолқа салған жәйттар да кездеседі. Қазақ ғұрпында бұл дәстүрге Домалақ ананың тұрмысқа шығуы дәлел. «Мақтым Ағзамның жалғыз немере қызы, азан шақырып қойған шын есімі Нұрила деп аталған Домалақ ана жайлы деректерде сегіз жасынан мешітте дәріс алғаны, бойжетіп, он бес жасқа келгенде қазақ халқындағы Ұлы жүзге тиесілі көптеген рудың бабасы саналатын Бәйдібек батырға ұзатылатындығы айтылады. Бұған Мақтым Ағзамның көрген түсі себеп. Онда бабаларының бірі осы көзінің қарашығындай болған жалғыз немере қызының білегін алғаш рет кім ұстаса, сол кісіге некелестіріп, ұзату керектігін айтқан сөздерін жақсылыққа жориды. Күндердің күнінде, он төрт жасқа толып, бой түзеген Нұрила су әкелу үшін құдыққа барғанда, құдыққа түсіп кеткен. Оны көрген ауыл балалары шулап, ел-жұртқа хабарлағанда алғашқы болып жәрдемге Бәйдібек батыр келіп, қызды құдықтан құтқарып алған. Оқиғаның мән-жайын білген атасы, көкейінде сақтаған, илаһи түске балаған жағдайды ескеріп, Нұрила немересінің білегіне алғаш қолы тиген ер-азамат Бәйдібек батырға ұзатқандығы жөнінде айтылады».

Бүгінде кейбір дәстүрлеріміздің көмескіленіп, бұрмаланып жатқаны рас. Дегенмен, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы зерттеп, зерделеп, жүйелеп кеткен әдет-ғұрыптарының тәрбиелік мәні зор екенін түсінуіміз керек. Қазақ халқының дала философиясы бізді адастырмайтыны хак.





МҰХАМЕДЖАН СЕРАЛИН – 150

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ АТАСЫ

Ұлт болашағы үшін қызмет еткен тұлға

Қазақ журналистикасының өткен өмірін парақтасаңыз, журналистиканың негізі ХХ ғасырдың басында қаланғанын байқайсыз. Сол дәуірде өмір сүрген қазақ халқының көрнекті өкілдерінің арқасында ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарының шығуы бастау алады. Бұл ретте қазақ журналистикасының дамуына орасан зор еңбегі сіңген, дала данышпандарының бірегейі Мұхамеджан Сералиннің орны тым ерекше.

Қазақ журналистикасының атасы атанған Мұхамеджан Сералин – туа бітті талант, табиғатынан дарынды, ойлау қабілеті жоғары, қоғамдағы барлық оқиғаларға өзіндік көзқарасын батыл білдіретін тұлға. Мұхамеджан Сералин 1891 жылы Қостанайдағы орыс-татар мектебін үздік тәмамдап, Орынбор училищесіне қабылданады. Шаруа отбасынан шыққан жас жігіт қаржы қиыншылығынан түскен оқуын жалғастыра алмай, туған ауылына қайтып келеді. Туған жерінде бірнеше жыл мұғалім болып жұмыс жасап, балаларға қазақ және орыс тілдерінен сабақ береді. Қиыншылыққа қарамастан, сол уақытта көптеген қазақ зиялылары кем дегенде орта білім алғаны белгілі. Сондай қиын кезеңдерде М.Сералин орта білімге де қол жеткізбеді. Сағы сынбаған Сералиннің басты мұғалімі – өмір болды.


Отбасылық жағдайына байланысты Мұхамеджан Сералин 1897 жылы Троицк қаласындағы зауытқа жүн сұрыптаушы болып жұмысқа тұрды. Білімге құштар жігіт жұмыстың қиындығына қарамастан, қолы қалт еткенін пайдаланып, қала кітапханаларындағы бүкіл орыс классикалық әдебиетін оқып шықты.

Бұған қоса, қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттей отырып, өзі де өлең жаза бастады. Мұхамеджан өзінің алғырлығының арқасында орыс, парсы, татар тілдерін жетік меңгеріп алды. Сол кезеңде жазған «Топжарған», «Гүлһашима» поэмаларын жұртшылық бірден жылы қабылдаған еді. М.Сералиннің бұқаралық ақпарат құралдарының негізін қалауға деген құштарлығы мен жазуға деген қызығушылығы оның патша әкімшілігінің көптеген ұйымдарының есігін қағып, босағасын тоздыруына түрткі болды. Патша

әкімшілігінен «Айқап» журналын шығаруға рұқсат сұрайды. Ақыры, 1910 жылдың аяғында үкімет М.Сералиннің өтінішін қанағаттандырып, алғашқы қазақ журналының шығуына рұқсатын берді.

Тарихи құжаттарға көз салсаңыз, мынадай жолдарды оқуға болады. «Қостанай уезінің №5 Шұбар болысының қырғызы М.Сералинге өзінің жауапкершілігімен Троицк қаласында ай сайынғы «Эй-Кафь» журналын шығаруға рұқсат беру. Журналдың бағдарламасы: озық мақалалар, шетел жаңалықтары, мұсылман ғұмырындағы мәселелер, жылнама, фельетондар және өлеңдер, библиография мен ғылыми мақалалар, редакцияға жазылған хаттар» деп жазылған.

Журналистика саласында арнайы білімі, тәжірибесі мен еңбек өтілі жоқ болса да Сералин халқының кедейшілік жағдайын ескеріп, іске кіріскен. Сондықтан «Айқап» журналы бұл кездегі адамдар үшін ерекше құбылысқа айналады. Әлеуметтік теңсіздік мәселесі де халыққа ауыр әсер еткен еді. Бұл жағдай сол кездегі көптеген адамдардың көкейінде жүргенімен де, олар ештеңе өзгерте алмайтынын білген. Өзіндік пікір білдірмек болған бірен-саран адамдардың қолынан ешнәрсе келмеді. Қолынан келер қайраны болмаған Мұхамеджан Сералин зиялы қауымға жаңа жол таңдау қажет екенін ұғып, тұйықтан жол табуға кіріседі. Әрине, халыққа жол көрсетер нәрсе, ол өз басылымын ашу керек екенін түсінді. Осылайша «Айқап» журналы құрылды. Көп ұзамай, Мұхамеджан Сералин маңайына тілшілерді, сосын ақпарат беретін адамдарды жинауға кірісті. Мұхамеджан Сералин бүкіл ғұмырын журналға арнаған жан. Осылайша «Айқап» журналы қызметкерлерінің қатарына көрнекті



тұлғалар – Жиһанша Сейдалиев, Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Молдағали Жолдыбаев, Есенғали Хасболатов және басқалар кірді.

Егер сіз сирек кездесетін қолжазбалар қорына барып, 1915 жылға дейін шыққан «Айқап» журналының барлық сандарын қарап шықсаңыз, мерзімдік басылымның сапасының өте жоғары болғанын көресіз. Арнайы оқу орнында білім алмаса да, Сералиннің кәсіби тілшілерден айырмашылығының жоқ екеніне, әрбір мақаланың мазмұны және тақырыбы терең әрі жан-жақты ойластырылғанына көз жеткізесіз. Осындайда өз ұлтының болашағы үшін қызмет етіп, келешек ұрпаққа бағыт берген тұлғалардың тағылымына қайран қаласыз. Алғашқы қазақ журналының редакторы әрі басқарушысы болған Мұхамеджан Сералин қазақстандық журналистикада ірі жетістіктерімен өз қолтаңбасын қалдырған тұлға. Сондықтан М.Сералин қазақ журналистикасының атасы атанып, тарихта қалды.

Қазақ журналистикасының негізін салған

Мұхамеджан Сералин – қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінің де негізін қалаушы. Сонымен қатар, «Ауыл» (қазіргі кезде «Қостанай таңы») газетінің редакторы. Ал журналистиканың қайнар бұлағы – «Айқап» журналы болса, сол кездегі қазақ зиялыларына ана тілінде ойлау және жазуды үйреткен басылым. Қазақ баспасөзінің «Әліппесі».

Өткенсіз келешектің болмайтыны белгілі. Өз ұлыларын ұлықтау мақсатында Қостанай облысында тұңғыш қазақ журналисі Мұхамеджан Сералиннің 150 жылдығы аталып өтті. Қаламгердің туған жері Қарабалық ауданында ғылыми-практикалық конференция, көрме мен ұлттық спорт ойындары ұйымдастырылды.

Қарабалықта Сералин атындағы жаңа қазақ мектебі ашылған. Кіндік қаны тамған ауылы Өрнекке дейінгі жол жөнделді. Сәтін салса, алғашқы «Айқап» журналын шығарған Троицкідегі баспа ғимаратында ескерткіш орнатылатын болды.

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

КЕРЕК ДЕРЕК

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

«АЛМАТЫТЕПЛОКОММУНЭНЕРГО» ЖШС-НЕ:

- бухгалтерлік есеп және есептілік бөліміне жетекші бухгалтер (уақытша);
- кадрлар бөліміне жетекші маман (уақытша);
- мемлекеттік сатып алу және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөліміне жетекші маман;
- шаруашылық бөліміне:
 - ғимараттарға қызмет көрсету жөніндегі жұмысшы;
 - қызметтік үй-жайларды тазалаушы;
 - күзетші;
- энергия ресурстарын есепке алу және өткізу бөліміне инженер (уақытша);
- режимдік реттеу және экология бөліміне 1-ші санатты ООС инженері (уақытша);
- орталық қоймасына қойма операторы;
- электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі 4-ші санатты электромонтёр;
- бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика қызметіне:
 - 1-ші санатты АСУ ТП инженері;
 - 4-санатты КИПиА слесарі;
- газ қызметіне:
 - 6-шы сантты электр-газбен дәнекерлеуші;
 - газ жабдығын пайдалану және жөндеу жөніндегі 5-санатты слесарь;
- химия зертханасына:
 - 1-санатты инженер-зертханашы (уақытша);
 - 2-санатты инженер-зертханашы (уақытша);
- қазандық жабдықтарын жөндеу қызметіне термоизоляция 5-санатты оқшаулағыш-маман;
- ғимараттарды жөндеу бригадасына:
 - 4-санатты сылақшы-эрлеуші;
 - 4-санатты плиткемен қаптаушы;
 - 4-санатты ағаш ұстасы;
- аудандық «Орбита» қазандығына:
 - КО бойынша 5-санатты машинист-қараушы;
 - 4-санатты ХВО аппаратшысы (уақытша);
 - қазандықтарды басқарудың орталық қалқанының машинисі;
 - қазандықтарды басқарудың орталық қалқанының машинисі;
 - сорғы қондырғыларының машинисі керек.

Байланыс телефоны: 8 (727) 292-48-68.

ДЕНСАУЛЫҚ

«ЕМХАНА ТАҢДАУ»

құқығын Алматыда 10 мыңға жуық адам пайдаланды

Елімізде жыл сайынғы емханаға тіркеу науқаны аяқталды. Биылғы кампания барысында біздің мегаполисте таңдау құқығын 10 мыңға жуық адам пайдаланды. Бұл туралы Алматы қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шәметков хабарлады.

Дәстүрлі тіркеу науқаны қыркүйектің 15-і мен қарашаның 15-і аралығында өткен болатын. Емхана ауыстыру туралы өтініштер eGov.kz электронды үкімет порталы арқылы қабылданды.

«Қазақстандықтар тіркелген емханадан консультативтік-диагностикалық қызметтерге, жоспарлы стационарлық көмекке, салалық мамандардың консультациясына жолдама алып, медициналық көмектің басқа да түрлерін пайдалана алады. Кейінгі жылдары тұрғындардың денсаулық мәселесіне немқұрайдылық танытпай, осындай іс-шараларға белсенді қатысатыны қуантады», – деді Иран Шәметков.

Медициналық сақтандыру қоры Алматы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, биылғы тіркеу науқанына бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 86 емхана қатысқан.

«Биыл Алматы қаласы бойынша 73 емхана Қормен жұмыс істейді. Олардың бәрі тіркелген кон-

тингентіне қызмет көрсетіп келеді. Биылғы кампанияға жаңадан 13 медицина ұйымы қатысты. Оның тек 3-еуі ғана халықты тиісті мөлшерде тіркеп үлгерген», – деді Тілеухан Әбілдаев.

Естеріңізге сала кетсек, таңдау құқығын пайдаланған азаматтар жаңа емхана қызметіне 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүгіне алады. Ал таңдау жасап үлгермегендер емхананы кампаниядан тыс уақытта да ауыстыра алады. Атап айтқанда, басқа жерге қоныс аударғанда, емхана қайта ұйымдастырылған жағдайда өзге клиникаға тіркелуге болады. Сонымен қатар, әр тұрғынның емхананы жылына бір рет еркін таңдау құқығы да бар.

Нұр ЖАМАЛ.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Тиімді әріптестік нығайып келеді

Алматы Мемлекеттік бизнес колледжінде «Жұмыс берушілер күні» іс-шарасы өтті. Іс-шараға колледждің әлеуметтік серіктестері мен жұмыс беруші 25-тен астам шағын және орта бизнес өкілдері, сондай-ақ Алматы қаласы Білім басқармасы мен «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысты.

Қалалық әкімшіліктің қолдауымен өткізіліп отырған «Жұмыс берушілер күні» түлектерді даярлау және жұмысқа орналастыру сапасын арттыру бойынша жұмыс берушілермен тиімді әріптестікті нығайту және дамыту мақсатында өткізіліп отыр. Бүгінгі таңда колледж тамақтандыру индустриясы, банк ісі, ақпараттық технологиялар, менеджмент және маркетинг салалары бойынша кәсіпорындармен белсенді ынтымақтастықта. Академиялық дербестік шеңберінде колледж әкімшілігі жұмыс берушілердің еңбек нарығындағы сұраныстарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеу үстінде. Қазіргі таңда аталмыш колледж дуальды оқыту бойынша 50-ден астам кәсіпорындармен шарт

жасасып, мемлекеттік тапсырыс аясында 521 студент дуальды оқыту жүйесі бойынша білім алуда. Үш жақты ынтымақтастықтың арқасында студенттер теорияны практикамен үйлестіріп, таңдалған мамандықтарын тікелей өндірісте игеріп жатыр. Ал білім алушы бірте-бірте мамандыққа бойлай еніп, еңбек қызметінде қажетті дағдыларды игереді.

«Жұмыс берушілер күні» аясында әлеуметтік серіктестер үшін колледж бойынша таныстыру экскурсиялары, кадрлар даярлаудың өзекті мәселелері бойынша педагогтар мен студенттердің жұмыс берушілермен кадрларды даярлаудың өзекті мәселелері бойынша кездесуі өтті. Сонымен қатар, ІС Бухгалтерия бойынша қалалық конкурс, мамандықтар бойынша көрме өткізілді. Кадрларды даярлаудағы жемісті ынтымақтастығы үшін 25 жұмыс беруші Оқу-ағарту министрлігінің, Алматы қаласы Білім басқармасы мен «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



**Балалар
жылы
2022**

20 ҚАРАША –
БҮКІЛӘЛЕМДІК
БАЛАЛАР КҮНІ

Балалардың бақыты үшін

БҰҰ Ассамблеясының күнтізбесіне сай 20 қарашада әлем халқы Дүниежүзілік балалар күнін атап өтеді. Бұл күні 1959 жылы Бала құқықтары туралы Декларация, ал 1989 жылы Бала құқықтары туралы Конвенция қабылданды. Бас Ассамблея бұл мерекені өздері үшін орынды деп санайтын күні атап өтуді ұсынды.



Рая
ЕСКЕНДІР



БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы – балалардың құқықтарын анықтайтын халықаралық құқықтық құжат. Құжат негізінде 18 жасқа дейінгі балалардың аштық пен мұқтаждықтан, қатыгездіктен, қанаудан және теріс пайдаланудың басқа да нысандарынан босатылған жағдайларда өз мүмкіндіктерін толық дамытуға жеке құқықтарын егжей-тегжейлі сипаттайтын 54 баптан тұрады.

Балалар мен олардың құқықтары 1945 жылы құрылғаннан бері БҰҰ-ның назарында болды. БҰҰ Бас Ассамблеясының балалар құқығын қорғау жөніндегі алғашқы қадамдарының бірі 1946 жылы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) білімі болды. Бұл бүгінде балаларға халықаралық көмек көрсетудің негізгі тетігі болып отыр. Конвенция БҰҰ Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 20 қарашадағы 44/25 қарарымен қабылданды, 1990 жылғы 26 қаңтарда Конвенцияға қол қою басталды. Конвенция 1990 жылы 2 қыркүйекте жиырма мемлекет ратификациялағаннан кейін күшіне енді. Конвенция баланың өмірі мен қоғамдағы жағдайына қатысты барлық дерлік тармақтарды ескеретін баптардан тұрады. Бала құқықтары туралы Конвенция бала құқықтары декларациясының ережелерін дамытып, нақтылап қана қоймайды, сонымен бірге оған қосылатын мемлекеттер балаларға қатысты өз әрекеттері үшін заңды түрде жауап береді деп жазылған.

Конвенция әлемнің барлық халқы үшін бірдей маңызға ие. Бұл әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жүйелер елдерінің өкілдерінің ұзақ және жемісті келіссөздерінің, әмбебап қолданылатын ортақ құндылықтар мен мақсаттар кешенін әзірлеу ісіндегі өмірге этикалық және діни көзқарастарының нәтижесі. 2011 жылдың желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясы үшінші факультативті хаттаманы қабылдап, 2014 жылы күшіне енді. Қазіргі уақытта әлемдегі балалардың 96%-ы балалардың құқығын қорғаудың заңды міндеттемесі бар мемлекеттерде тұрады.

ТАҒЫМ



1939-2013 ж.ж

Алматыда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қажытай Ілиясұлының құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Досбол
АТАЖАН

Медеу ауданында ақын, сазгер, сатирик, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қажытай Ілиясұлының құрметіне мемориалдық тақта орнатылды. Қ.Ілиясұлы тұрған үйдің қабырғасына ілінген ескерткіш-тақтаның ресми ашылу салтанатына оның жұбайы Руда Зайкенова мен туған-туысқандары, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының өкілдері және өзге де қазақ зиялылары қатысты.

«Қажытай Ілиясұлының құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімінде бас қосып отырмыз. Көненің көзіндей болып, бүгінгі ұрпаққа асылдың сөзін жеткізген марқұмның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Қажытай Ілиясұлы еңбек жолын қарапайым қызметтен бастап, басымызды қызметті атқарып, Қазақстанға сіңген еңбектері жоғары бағаланып, көптеген мадақтарға ие болған. Алматы қаласы жұртшылығының атынан осындағы барша зиялы қауымды, асыл ағамыздың достарын, балалары мен жақындарын бүгінгі

ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ САРДАРЫ ЕДІ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

тақтаның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын», – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының өкілі Арман Халбеков.

Айта кеткен жөн, дарынды ақын, атбегі, сазгер, сатирик, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері (2009), Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері (2003) Қажытай Ілиясұлы 1939 жылы 21 маусымда ҚХР-ның Тарбағатай аймағына қарасты Дөрбілжін ауданында дүниеге келген. Үрімжідегі «Шың-Жаң Тіл институтының Қытай тілі факультетін 1959 жылы бітіреді. 1962 жылы көктемде Қазақстанға келіп, үш жылдан кейін С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің (қазіргі Әл-Фараби ат. ҚазҰУ) Журналистика факультетіне түседі. Оны 1969 жылы дипломын үздік бағаға қорғап, оқуын сәтті бітіреді.

1968 жылы шығармашылық қызметін «Ара-Шмель» журналынан бастайды. 1971 жылы «Лениншіл жас» газетінің редакциясында бір жыл отырып, Қазақ телевизиясы әдеби-хабарлар программасының бас редакциясына аға редактор болып орналасады. Бұдан соң облыстық Халық творчествосы үйінде келісім-шартпен режиссер, республикалық баспасөз комитетінің бас редакциясында және «Жазушы» баспасында редактор болып істейді. Телевидениеге бар-

ған бетте «Шымшуыр» деген сатиралық айдар ашып, оған қоса «Өнер көзі халықта», «Халық қазынасы» деген айдарларды 1975 жылға дейін жүргізеді. 1983 жылы «Ара-Шмель» журналының басшылығы ауысу тәртібімен жұмысқа шақырып, басында фельетонист, көп ұзамай білім бөлімінің меңгерушісі болып істейді. Әйгілі «Сүзеген сөздің» жаттықтырушысы деген қоғамдық міндетті жұмысынан тыс атқарады.

1990 жылы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының «Азамат» атты газетіне бас редакторлыққа шақырылады. Газеттің бірнеше нөмірінен кейін «Азамат» атын өзгертіп, «Астана» деген атпен шығарады. Бір жыл мөлшерінде шығарғаннан кейін «Азия дауысы» атты корпорацияға Қ.Ілиясұлы бас редакторлыққа шақырылады. Ол газет «Астана дауысы – Голос Столицы» деген атпен аптасына қазақ, орыс тілдерінде, маусымына бір мәрте ағылшын тілінде шығарылады. 1994-1995 жылдары Қажытай аға М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында шағатай тілінен аударма жасайды. Жарты жылдай отырып, денсаулығына байланысты өз еркімен қызметтен босайды. Содан кейінгі өмірінде тек шығармашылық жұмыспен айналысады.

ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ

ҚОЛӨНЕРДІҢ ПАЙДАСЫ МОЛ



Айнұр
СЕНБАЕВА

Райхан бір жымиды да, «мен тоқи алмаймын, тек тоқыманың бала көтеруге септігі тиеді деген соң, интернеттен үйренуге талпынып көрдім, әзірге онша икемделе алмай жатырмын», – деді.

Тоқыма мен бала көтерудің арасында не байланыс бар дейсіз ғой? Осы сұрақ мені де ойландырды. Кейін өзім осы мәселені зерттеп көруге талпындым.

Бұрын ата-бабаларымыз баласына жар, өздеріне келін тандағанда саусақтарынан бал тамған, іс тігетін, тоқыма тоқитын, құрақ құрай алатын қыздарға құда түсуінде сыр бар екен. Атақты Шәкәрімнің анасы кедей жерден шықса да, керемет ісмер кісі болғанын білетін шығарсыз.

Қолөнермен айналысатын қыз-келіншектердің басқалармен салыстырғанда ұсақ моторикасы жақсы дамыған. Мамандардың айтуынша, ұсақ моториканың икемді болуы әйелге гормондардың жеткілікті мөлшерде бөлінуіне әсер етеді. Ал бала көтеру үшін мұның маңызы өте зор.

Қазіргі заманда өзі әйел, өзі еркек боп кеткен, уақытылы тұрмысқа шықпай, жұмысбасты боп жүріп қалатын, тамақ та жасамай, сырттан алдыра салатын қыз-келіншектер қаншама? Бәріміз ақша табуға ұмтыламыз, көлік жүргіземіз, шалбар киеміз... Кейбіреуіңіз «тоқыма тоқымай-ақ бала таптық қой» дейтін боларсыздар. Иә, дұрыс. Дегенмен, кейде бала көтере алмауымызға осындай елене бермейтін факторлар да әсер ететінін айтқым келген. Алла әйел етіп жаратқан соң сәнімізді, нәзіктігімізді жоғалтпай, табиғатымыздан алыстамайық! Жаратқан ешбір әйел затын ана болу бақытынан айыра көрмесін! Айтпақшы, Райхан 42 жасында ана болды, қазір тәп-тәтті қызы бар.

39 жасында тұрмыс құрған көршім Райхан біразға дейін бір нәрестенің иісіне зар болып жүрді. Қаралмаған дәрігері қалмады, бармаған клиникасы жоқ, емшілерді де жағалап көрді. Өзі мықты қаржыгер маман, өте білімді жан. Бірде Райханның үйіне кіріп қалсам, жұмыс үстелінде жіп пен біз жатыр екен. Өзім де анда-санда тоқыма тоқығанды жақсы көретін адам болған соң, «не тоқып жатырсың» деп қызығушылық таныттым.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, **ТАБЫСКЕР** болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

2022 жылғы 5 қарашада №155-VII ҚРЗ «Прокуратура туралы» ҚР Конституциялық заң қабылданды

Занда нақтылаушы сипатқа ие және қалыптасқан тәжірибені заңнамалық деңгейде бекітетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Конституциялық заңға сәйкес Бас Прокурордың төменде көрсетілген соттарға жүгіну құқығы бекітіледі:

– Конституциялық сотқа Конституцияның 72-бабы 4-тармағына сәйкес (Конституция нормаларына ресми түсініктеме беру);

– Жоғарғы сотқа азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот практикасы мәселелерімен соттарға түсініктеме беру туралы ұсыныс жасау үшін.

Прокуратура актілері бойынша енгізілген өзгерістерге тоқтауға рұқсат етілді:

Наразылықтар бойынша:

Прокурор наразылықты шешім дайындау және қабылдау қажеттігіне байланысты, бірақ кемінде үш жұмыс күні ішінде өзге қарау мерзімін белгілеуге құқылы, бұл мерзім ескі редакцияда кемінде күнтізбелік он күн болып белгіленген.

Наразылықты қарау нәтижелері туралы прокурорға жазбаша нысанда дереу хабарланады. Наразылық қаралғанға дейін оны ескелген не жоғары тұрған прокурор кері қайтарып алуы мүмкін.

Қаулылар бойынша:

Прокурор келесі тармақтармен толықтырылған қаулы шығарады:

1. жедел-іздестіру іс-шараларын өткізу туралы;
2. жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін тоқтату туралы;
3. қылмыстық-атқару жүйесі органдары қамауда отырған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарға, сондай-ақ пробация қызметтеріне есепке алынған адамдарға қатысты қолданатын тәртіпті жазалар мен ынталандырулардың күшін жою туралы;
4. лауазымды және өзге де тұлғаның актісін немесе әрекетін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұру туралы;
5. сот орындаушыларының заңсыз актілерінің күшін жою туралы;
6. прокурорлық қадағалау актісін мәжбүрлеп орындау туралы.

Өтініш.
Жаңа өзгерістерге сәйкес әскери және көлік прокуратуралары органдарының басшылары, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар заңдылық пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға үндеу жасауға құқылы. Ал ескі редакцияға сәйкес, бұл құқық тек

Бас Прокурор мен оның орынбасарлары, облыс прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорларда болды.

Прокурорлық «Заңды түсіндіру» ден қою актісі «Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуға жол бермеу туралы түсіндіруге» ауыстырылды.

Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері енгізілгеннен кейін бұзушылықтар жасаған адамдарды жауапқа тарту мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын тәртіппен осы акт бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Бұдан былай заңдылықтың сақталуын тексеруді Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша, сондай-ақ 18-баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша прокурор тағайындайды және жүргізеді.

Яғни Бас Прокурор орынбасарларының, әскери және көлік прокуратуралары органдары басшыларының, облыс прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың (Республикалық маңызы бар қалалар мен астананың), аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, аудандаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлардың заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау және жүргізу туралы шешімі бойынша төменгі тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделерін қорғау үшін қабылданады:

- 1) физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты оларды қорғауды дербес жүзеге асыра алмайтын адамдар;
- 2) адамдардың шексіз шеңбері;
- 3) егер бұл адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін қайтымсыз салдарларды болғызбау үшін қажет болса, адамдар, қоғам және мемлекет;
- 4) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, олардың лауазымды адамдары тарапынан олардың қызметіне араласу фактілері бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілері;
- 5) мұнда қамелетке толмаған адамдардың құқықтары жөніндегі тармақ та енгізілген.

Өтініштер бойынша:

Прокуратура органдары өтініштерді қарайды:

- 1) егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларына байланысты өз құқықтарын, қамелетке толмаған адамдарды, сондай-ақ адамдардың шектеусіз тобын қорғауды дербес жүзеге асыра алмаса, адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін;
- 2) егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретінде тиісті өкілеттіктер бар уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе не мұндай орган болмаса, адамның және азаматтың,

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегі (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекен-жай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін;

3) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар тарапынан олардың қызметіне араласу фактілері бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін;

4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қатерді болғызбау мақсатында;

5) жойылмаған жағдайда адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заңдылықты бұзу фактілері бойынша;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары бойынша;

7) Бас Прокурордың тапсырмалары бойынша.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқа жағдай көзделмесе, өтінішті қарау мерзімі оның прокуратура органдарына келіп түскен күнінен бастап он бес жұмыс күнін құрайды.

Сонымен қатар, «Прокуратура органдарының лауазымды адамдары шешімдеріне, актілеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түкен шағымдарды сотқа дейінгі реттеу» бабы қосылды.

Прокуратура шешімдеріне, актілеріне не прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым адамға шешімнің, актінің қабылданғаны немесе әрекеттің (әрекетсіздік) жасалғаны туралы белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірмей прокуратура органдарына беріледі және оны жоғары тұрған прокурор қарайды.

Бұл талаптар қарау тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық процесі заңнамасында, Қазақстан Республикасының Азаматтық процесі заңнамасында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңнамасында, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметі саласындағы заңнамасында белгіленген шағымдарға қолданылмайды.

Шағымды қарау мерзімі жиырма жұмыс күнін құрайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шағым берген адамның өтінішқаты бойынша дәлелді себептермен шағымдану мерзімін өткізіп алған жағдайда, шағымды қарайтын прокуратура органы қалпына келтіре алады.

Шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарау нәтижелері прокурордың шешіміне, актісіне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен сотқа шағымдану үшін негіз болып табылады.

8) қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жазасы тағайындалған жаза.

Сотқа дейінгі тергеу сатысында рақымшылық жасау

Рақымшылыққа жататын адамдарға қатысты қылмыстық теріс қылықтар, ауырлығы төмен, орташа қылмыстар туралы іс жүргізудегі қылмыстық істерді осы Заңның 1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар бөлігінде қылмыстық процесі жүргізетін орган аталған адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып тоқтатуға тиіс.

Жазаны орындау сатысында рақымшылық жасау.

Осы Заңның 1-бабында көрсетілген қылмыстық теріс қылықтар, ауырлығы төмен, орташа қылмыстар жасағаны үшін жазасын өтеп жүрген адамдар жазадан (негізгі және қосымша) немесе оны одан әрі өтеуден босатылады.

Ауыр қылмыстар жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан адамдарға жаза төрттен үшке, аса ауыр қылмыстар бойынша – жартысына қысқартылады.

Бұл ретте, егер сотталған адамға осы Заң қолданысқа енгізілген күні жазаны өтеу бір жылдан аз уақыт қалған жағдайда, негізгі жаза оның барлық өтелмеген мерзіміне қысқартылады.

Рақымшылық актісі бойынша сотталығы өтеу.

Осы Заңның 1-бабында көрсетілген ауырлығы төмен, орташа қылмыстар үшін жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған рақымшылыққа жататын адамдардан сотталығы алынады.

Асхат ЖАҚЫПОВ,

Алматы қаласы Бостандық ауданының прокуроры, аға әділет кеңесшісі.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

«Рақымшылық туралы» Қазақстан Республикасының 02.11.2022 жылғы Заңы 2022 жылдың 2 қарашасында қабылданды және қолданысқа енгізілді

Заңның 3-бабы 5-тармағына сәйкес рақымшылық жасау актісі қолданысқа енгізілген күннен бастап 6 ай бойы орындалады.

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында 2022 жылғы 4–7 қантар аралығында жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты не олардың жолын кесу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарға қолданылады.

Заңның 1-бабында рақымшылыққа жататын Қылмыстық Кодекстің 53 бабы келтірілген.

Егер осы Занда көрсетілген баптарда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық 4–7 қантар аралығында жасалса, алайда жаппай тәртіпсіздіктермен байланысты болмаса, онда рақымшылық қолданылмайды.

Рақымшылық жасау прокурор бекіткен қылмыстық құдалау органының (лауазымды адамның) қаулысы негізінде, сондай-ақ сот қаулысының негізінде қолданылады.

Бұл ретте Заң келесі адамдарға қолданылмайды:

- 1) террористік қылмыстар жасаған;
- 2) экстремистік қылмыстар жасаған;
- 3) азаптаулар жасаған;
- 4) қамелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасаған, алайда он төрт жасан он сегіз жасқа дейінгі қамелетке толмағанға қатысты қамелетке толмаған адамның осындай қылмыс жасаған жағдайын қоспағанда;
- 5) мемлекетке опасыздық жасағандар;
- 6) сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған;
- 7) осы қылмысты қамелетке толмағандар жасаған жағдайды қоспағанда, жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастырған; (272, 1-6)



ТАЛБЕСІК

ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ҚАЙДА БАРУҒА БОЛАДЫ?

Алматы қаласы әсем тауларымен, жасыл желегімен туристердің таңданысын тудырып келеді. Алайда, көпшілік біле бермейтін табиғаты әсем жерлер де жетерлік. Бүгінде қала әкімдігі туристік инфрақұрылымды дамыту мақсатында ескіріп, тозып кеткен жерлерді қайта қалпына келтіруде. Қазіргі уақытта ол жерлерде қала тұрғындары спортпен айналысып, тынығып, демалуда. Осы ретте газет оқырмандарының назарына әсемдігімен көздің жауын алатын саябақтар мен демалыс орындарын ұсынсақ.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Күйгенсай бұлақтары

Күйгенсай, яғни халық арасында Горельник атауымен танымал минералды су бұлақтары Медеу шатқалынан жоғары орналасқан. Демалыс орнына жету үшін қаладан оңтүстікке қарай 18 шақырым жол жүрсеңіз жеткілікті. Минералды судың жылылығы 20–22°C құрайды. Құрамы гидрокарбонатты сульфатты-натрийлі тұщы минералдардан тұрады. Су құрамында радон, кремний қышқылы бар. Сондай-ақ, тереңдігі 250 м ұңғымадан тәулігіне 800 м³-ге дейін шапшымалы жылы су алынады. Жақында ғана бастаудың жанынан жаңарған әрі кеңейтілген алаң қолданысқа берілген. Туристердің суға түсуіне арналған бөшекелер және спорт алаңы бұрынғыға қарағанда үш есе кеңейіп, жаңартылған. Жөндеу жұмыстарын кәсіпкер Сергей Спицын өз қаражаты есебінен жүргізген. Демалыс орнына жету үшін арнайы экскюзиттер мен автобустар бөлінген.

«Шексіздікке» жетелейді



Кіші Алматы өзенінің бойында орналасқан «Тереңқұр» жаяу жүргіншілер алаңы өз елімізден бөлек, шетелдік туристердің де сүйікті мекеніне айналған. Бұл маңдан бүгінде спортпен айналысатын, кофе ішіп, әңгіме-дүкен құратын адамдарды жиі кездестіруге болады. Жаяу жүргіншілер жолы Керей-Жәнібек хандар көшесінің төмен жағындағы «Тереңқұр» бағынан бастау алып, әйгілі «Арман» кинотеатрынан аяқталады. Бүгінде жол жиегінде демалуға арналған ерекше стильдегі орындар, қазақы алтыбақан, теннис, мини-футбол, шахмат, дойбы үстелдері орналасқан. Кей тастарда арнайы жыл жануарлары бейнеленген. Жиі кездесетін гүлдер мен ағаштардың мағлұматтары тақтайшаларға жазылған. Осы жол арқылы жастардың арасында «Шексіздік» деп аталатын жерге бардық. Ол жерде көбіне күннің батып бара жатқан бейнесін көруге ынталады деседі. Сондай-ақ, көптің жанарын жаулаған түнгі Алматының бейнесін жақсы көруге болады. Сол жолға қайта түсіп жоғары көтерілсеңіз, үйрек, аққулары бар тоғанға тап боласыз. Айналасы былтыр жаңартылған алаңда жас жұбайлар, жастар суретке түсуге арналған орын жасап алған. «Тереңқұрға» күз мезгілінде серуендеп қайтуға кеңес береміз.

Желтоқсаншылар саябағы



Республика күніне орай жұмыс барысымен «Жас қанат», «Маяк» ықшамаудандары орналасқан «Желтоқсан» саябағына барып қайттым. Саябақтың аумағы үлкен болғандық-



тан тіпті адасып кеткен едім. Сол кезде скандинавиялық жүріспен жүгіріп жүрген бір ағамен танысып, саябақты аралап қайттық. Саябақта 13 ойын алаңы бар – 8 балалар және 7 спорт алаңы, оның ішінде воркаут алаңдары, мини-футбол және стритбол ойын алаңдары, сондай-ақ паркур ойын алаңы бар. Саябақтың басты ерекшелігі Кіші Алматы өзенінен ағып келген көлшік бар. Ол жерде үйректерді де көруге болады. Сондай-ақ, Желтоқсан оқиғасы кезінде түсірілген фотолар ағаш тақтайшаларға ілініп, кішігірім музей жасалған. Сондай-ақ, демалатын, тамақтануға ыңғайлы орындар да бар.

Аллергиялық ауруларға ем

Кіші Алматы шатқалында «Алма-арасан» демалыс аймағы орналасқан. Бүгінде бұл жерге өз елімізден бөлек, шетелдік туристердің де қызығушылығы ерекше. Бұл жерде де суға түсуге арналған бөшекелер мен спорттық алаңдар бар. Сондай-ақ, киім ауыстыруға арналған орындар мен шомылуға арналған орындар қарастырылған. Үлкен ыдысқа су таудың 320 метр тереңдігінен ағып жа-



тыр. Оның температурасы +26 градус. Мамандардың айтуынша, судың адам денсаулығына пайдасы зор. Бұл – емдік қасиеті бар, шипалы, тұзды су. Тері, буын сырқырауы және түрлі аллергиялық ауруларға емдік әсері мол. Тау тереңдігінен тәулігіне 760 текше метр су ағады екен. Қала мен Алма-арасанды байланыстыратын №211 автобус жүреді. Экспресс-бағыт Алма-арасанға дейін небәрі 6 аялдамаға тоқтайды. Жұма, сенбі және жексенбі күндері таңғы 8-ден кешкі 20.00-ге дейін жұмыс істейді. Ал билет құны – 300 теңге. 7 жасқа дейінгі балаларға тегін болса, 7 мен 15 жас аралығындағы балалар 50 пайыз жеңілдікпен жүре алады. Жол жүру құнын қолма-қол ақшамен немесе «Оңай» картасы арқылы да төлеуге болады.

Роуп-джампингпен айналысам десекіз

Соңғы уақыттары әлеуметтік биіктіктен секіріп, адреналин алып жатқан адамдардың видеосы тарап кетті. Секіру аймағы біздің қаламызда да бар екендігін білесіз бе? Ол «Сұңқар» трамплинінде орналасқан. Бұл да спорттың бір түріне жатады. Оны роуп-джампинг деп атайды. Бұл трюктерді Gorilla Zipline аттракционында тартылған арқан арқылы төменге түсу, аспаннан құлдилап секіру арқылы байқап көре аласыз. Осылайша бойыңыздағы биіктікке деген қорқынышыңызды жеңіп, адреналин аласыз.

Алматыда роуп-джамперлердің секіретін бірнеше сүйікті орындары бар. Соның ішінде Алматы-Қонаев күре жолындағы тастанды құбыр, Алма-арасан шатқалындағы бөгет, Қарғалы өзенінің маңына секіргіштерге жиі жиналады.

Тарихи-этнографиялық кешен

Қаламыздың маңында «NOMAD» этноорталығы бар екендігін білесіз бе? Ол Алматы облысы, Үшқоңыр тауының етегінде ашық аспан астында орналасқан. Тарихи-этнографиялық кешенде көшпелілердің дәстүрлі мәдениетіне терең бойлауға мүмкіндік бар.

Қайта жаңғырған тарихты көріп, колөнермен айналыса аласыздар. Мұнда әркім қылшықты және қылшықсыз кілемдерді тоқуды, киіз басуды, дәстүрлі қазақтың тағамдарын әзірлеуді үйреніп, кейіннен дәмін де тата алады.

